

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ALTYSARIN
AKADEMIASY**

**Бастауыш сыныптарда сөйлеу қызметінің
репродуктивтік (тыңдалым мен оқылым) және продуктивтік
(айтылым мен жазылым) түрлерін дамыту бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

Астана, 2023

Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 12 мамыр №2 хаттама).

Бастауыш сыныптарда сөйлеу қызметінің репродуктивтік (тыңдалым мен оқылым) және продуктивтік (айтылым мен жазылым) түрлерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар– Астана: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 64 б.

Жинақта Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының бастауыш сыныптарда сөйлеу қызметінің репродуктивтік (тыңдалым мен оқылым) және продуктивтік (айтылым мен жазылым) түрлерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің, оқу-әдістемелік орталықтардың әдіскерлеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Кіріспе

Қазіргі заман талабы – жан жақты дамыған, функционалды сауаттылығы (оқу сауаттылығы) қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ендеше, бүгінгі күнде білім берудің ерекшелігі іс-әрекет пен қарым-қатынас барысында қалыптасатын білім алушының жеке басына бағытталған білім беруді ізгілендіруде. Білім алушыларды ауызша және жазбаша түрде толыққанды қарым-қатынасқа дайындау үшін оқу процесінде сөйлеу әрекет түрлерін қолдану нәтижелі болмақ. Сондықтан сөйлеу әрекеті дағдыларын қалыптастыруда қолданылған әдіс-тәсілдер іс-әрекеттің нәтижесін көрсетуге бағытталуы тиіс.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – педагогтерге сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуда әдістемелік көмек көрсету. Мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттер анықталды:

- тілдік пәндерді цикл бойынша оқыту үдерісінде сапалы педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

- бастауыш сыныптарда қазақ, орыс және шетел тілдерін оқыту кезінде репродуктивтік және продуктивтік дағдыларды дамытудың теориялық және әдістемелік негіздерін ашу;

- тілдік дағдыларды дамыту бойынша оқу процесінде инновациялық әдістер мен құралдарды қолдануды қарастыру;

- тіл мен әдебиет сабақтарында репродуктивтік және продуктивтік дағдыларды дамыту үшін құзыреттілік тәсілді іске асырудың әртүрлі нысандарын, әдіс-тәсілдерін ұсыну.

Әдістемелік ұсынымдардың құрылымы: кіріспе, үш тарау, қорытынды және глоссарийден тұрады.

1-тарауда «Бастауыш сыныптарда қазақ, орыс және шетел тілдерін оқытуда репродуктивтік және продуктивтік дағдыларды дамытудың ғылыми негіздері» тақырыбы бойынша кеңестік ғалымдардың (Л.С. Выготский, Т. Г. Егоров, И. А. Зимняя, А. А. Леонтьев, Т. Т. Тәжібаев) сөйлеу қызметін, оның түрлері мен даму кезеңдерін зерттеген зерттеулері талданып, сондай-ақ негізгі ұғымдардың мәні ашылған.

2-тарауда «Бастауыш сыныптарда қазақ, орыс және шетел тілдерін оқыту кезінде, репродуктивтік және продуктивтік дағдыларды дамытудың әдістемелік негіздері» тақырыбы бойынша сөйлеу қызметінің репродуктивтік және продуктивтік дағдылары, оларды қолдану мүмкіндіктері мен бағыттарын дамытудың әдістемелік негіздемесі ұсынылған.

3-тарауда «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Шетел тілі» және «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша оқыту мен сөйлеу қызметін дамытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, бастауыш сыныптарда сөйлеу әрекетінің репродуктивтік (тыңдалым және оқылым) және продуктивтік (айтылым және жазылым) түрлерін дамыту бойынша нақты ұсыныстар берілген.

1 Бастауыш сыныптарда қазақ, орыс және шетел тілдерін оқытуда репродуктивтік және продуктивтік дағдыларды дамытудың ғылыми негіздері

Заманауи білім беру мазмұнының негізгі мақсаты – тілдерді кезең-кезеңмен енгізу (қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерту); коммуникативтік тәсіл арқылы білім алушының ұлттық және жаһандық мәдениетін қалыптастыру. Білім алушылар меңгерген білімдерін, қалыптасқан дағдыларын күнделікті тұрмыста қолдана білуге үйрету. Нәтижесінде, тіл пәндерін оқу кезінде білім алушылар мәселелерді шешіп қана қоймай, қарым-қатынас барысында көп тілді меңгерген, тілдік дағдыларын қолдана алатын, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасады.

Сөйлеу әрекеті туралы түсінік

Сөйлеу – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы үшін, бірін-бірі түсіну үшін, ойын түсінікті жеткізу үшін берілген байланыс құралы.

Сөйлеу кезінде қарым-қатынас пен ойлау қабілеті қоса жүреді, алайда, бұл қызметте бір-бірінің арасындағы қарым-қатынас, осы екі қызметтің сөйлеуде болуына қандай жағдай әсер етеді, олар қалай дамиды және осы екеуі бір-бірімен құрылымы жағынан қалай біріккені туралы тұжырымдамалар Л.С. Выготскийге дейін зерттелмеген.

Психологиядағы сөйлеу әрекеті ұғымын алғаш рет Л.С. Выготский зерттеп ғылымға енгізді, кейін шәкірттерінің ізденуінің арқасында жалғасын тапты. Л. С. Выготский сөйлеу әрекетінде *«адамның әлеуметтік қалыптасуы мен оның барлық танымдық күштерінің»* мүмкіндіктерін көре білді [8].

Сөйлеу әрекеті - ең көп таралған және күрделі қызмет түрі. Сөйлеу әрекетінің ерекшелігі – ол әрқашан қажетті компонент ретінде қызметтің ауқымды жүйесіне енеді, сондықтан адамның іс-әрекетінің көп бөлігі сөйлеуден тұрады.

Сөйлеу әрекеті саналы сипатқа ие. Тілдік қарым-қатынастың негізгі бірліктері:

- 1) сөйлеу әдебінің ережелерін талап ететін және құрамдас бөліктері сөйлейтін, тыңдайтын, уақытпен орын алатын сөйлеу жағдайы;
- 2) сөйлеу оқиғасы, яғни сөйлеу қарым-қатынасының негізгі бірлігі, формасы, құрылымы, шекаралары бар белгілі бір құрылым;
- 3) сөйлеу әрекеті, яғни сөйлеу, адамның сөйлеуді қабылдауы, алынған ақпаратты бағалауы.

Мектеп білім алушының еркін сөйлеуді қалыптастыруына ықпал етеді. Білім алушылардан: сұраққа толық жауап беруді, белгілі бір жоспар бойынша айтуды, қайталамауды, дұрыс сөйлеуді, көлемді ақпараттарды дәйекті түрде қайталауды үйрену міндетін талап ету керек.

Оқу барысында білім алушылар еркін, белсенді, коммуникативтік және монологтық сөйлеуді меңгеруі керек.

А. Байтұрсынов айтуынша сөйлеудің жазбаша және ауызша түрлері бар. Сөйлеу терминінің мағынасы А. Байтұрсынов концепциясында сөйлеу ұғымын қамтымайды, себебі абзац, күрделі синтаксистік бөлшек мағыналарында

қолданылған. Сонымен А. Байтұрсынов еңбектерінде тіл, тілдесім, тілдесімділік қызмет ұғымдары айқын байқалады.

Сөйлеудің ауызша тілдесу (айтылым), жазбаша тілдесу (жазылым), оқу арқылы тілдесу (оқылым), тыңдау арқылы тілдесу (тыңдалым) деген бөлімдері бар.

Е.И. Пассов өз еңбектерінде сөйлеу әрекетінің функционалды жүйесі – қарым-қатынасты қамтамасыз етеді, күрделі, жүйелі және бірқатар байланыстарды қамтиды: мотив, жоспар, ішкі бағдарлама, синтагматикалық байланыс сөйлемдердің құрылымы, парадигматикалық құрылымның байланысы, дыбыстық процестерді қамтамасыз ететін байланыс мәлімдемелердің дизайны екендігін айтады.

Сөйлеу әрекеті – сөйлеу мен түсінуден тұрады.

Қазіргі психология сөйлеуді қарым-қатынастың әмбебап құралы ретінде, саналы іс-әрекеттің күрделі және нақты ұйымдастырылған түрі ретінде қарастырады, оған сөйлеуді қалыптастыратын және оны қабылдайтын екі әрекет қатысады. Сөйлеу қарым-қатынас мақсаттары үшін немесе өз қызметін реттеу және бағалау мақсатында, хабарламаларды құру және қабылдау процестерін қамтиды.

Сөйлеу әрекетін А.А. Леонтьев кез-келген басқа адам әрекеті кезінде тілді қарым-қатынас үшін пайдалану процесі етінде анықтайды. Оның пікірінше, сөйлеу әрекеті – бұл «классикалық» іс-әрекеттермен тікелей байланысты емес, қиындықпен немесе ойынмен салыстыруға болмайтын кейбір абстракция. Ол – жеке сөйлеу әрекеті түрінде – еңбек, ойын, танымдық іс-әрекеттің құрамына кіретін барлық іс-шараларға қызмет етеді. Мұндай сөйлеу әрекеті өзін-өзі бағалау негізінде, оның мотивін сөйлеуден басқа жолмен қанағаттандыру мүмкін болмаған кезде ғана орын алады. Басқа іс-әрекеттерге, ең алдымен танымдық іс-әрекетке енуі мүмкін.

А.А. Леонтьев – қарым-қатынас үшін сөйлеуді қолдану және қарым-қатынас қызметінің ерекше жағдайы сөйлеу әрекеті деп есептейді.

Мұндай сөйлеу әрекеті өзін-өзі бағалаған кезде, оның негізін қалайтын мотивті сөйлеуден басқа жолмен қанағаттандыру мүмкін болмаған кезде ғана орын алады. Сөйлеу әрекеттері және жеке сөйлеу операциялары басқа іс-әрекеттерге енуі мүмкін. Осылайша, сөйлеу – адамның барлық басқа іс-әрекеттерін қамтамасыз ететін, сөйлеу әрекеттерін, сөйлеу (тілдік) процесін, сөйлеуді қалыптастыру (өндіру) және қабылдау (түсіну) процесінің бірі ретінде анықталды. Бұл сөйлеудің барлық түрлеріне қатысты.

А.А. Леонтьев сөйлеу әрекетін теориялық, интеллектуалдық немесе ішінара практикалық қызметке кіретін сөйлеу әрекеттерінің жүйесі ретінде ұсынды. Сөйлеу дағдысы интеллектуалдық әрекет ретінде мақсат қоюды, жоспарлауды, жоспарды жүзеге асыруды және мақсатты нәтижемен салыстыруды қамтиды. Сөйлеу әрекеті, өз кезегінде, біртұтас операциялық құрылымға ие, яғни, құрамы мен ерекшелігі іс-әрекетті орындаудың объективті және субъективті шарттарына байланысты сөйлеу операцияларының кешенінде жүзеге асырылады [11].

Сөйлеу әрекетін толық және әдістемелік тұрғыдан зерттеген И.А. Зимняя: «Сөйлеу әрекеті – адамдардың бір-бірімен белсенді, мақсатты, тілдік және коммуникациялық өзара әрекеттесу процесі» деп сипаттаған. Мысалы, сөйлеу әрекеті қоғамдық өндіріске (еңбек), танымдық қызметке де енуі мүмкін. Алайда, бұл тәуелсіз әрекет те болуы мүмкін; сөйлеу әрекетінің әртүрінің өзіндік «кәсіби іске асуы» болады. Мысалы, сөйлеу әрекеті лектордың немесе диктордың, жазушы немесе ақынның кәсіби қызметін анықтайды. Сөйлеу әрекетін сипаттай отырып, И.А. Зимняя сөйлеу әрекеті адамның қарым-қатынас процесінде, коммуникативтік-танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, тіл арқылы қалыптасқан және тұжырымдалған ойды шығарудың немесе қабылдаудың белсенді, мақсатты, уәжді, пәндік (мазмұнды) процесі екенін көрсетеді [10].

Сөйлеу әрекеті – бұл қарым-қатынас пен оқу процесінде әлеуметтік-коммуникативтік қажеттіліктерді жүзеге асыру тәсілі. Сонымен бірге сөйлеу әрекетінің шығармашылық, интеллектуалдық сипатын анықтайтын таным, ойды қалыптастыру және тұжырымдау құралына айналады.

Сөйлеу әрекеті – бұл сөйлеу коммуникациясы процесінде мәлімдемені (мәтіндерді) құру және қабылдау қабілетіне негізделген мәтіндік қызмет.

Адамдар өзара сөйлесу, түсінісу, пікір білдіру үшін адам өміріндегі күрделі үдеріс – тілдік қатынасқа түседі.

Тілдік қатынастың маңыздылығына ғалым А. Байтұрсынов «Тіл - адамның адамдық белгілерінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілден айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді» - деп сипаттаған.

Өмірде алуан түрлі құбылыстар бар. Олар: табиғат құбылыстар мен қоғамдық құбылыстар болып екіге бөлінеді. Тіл қоғамдық құбылыстардың қатарынан орын алады. Ол - қыр-сыры мол, күрделі құбылыс.

Жоғарыдағы пікірлерден тілдік қатынастың адам өміріндегі маңыздылығын көреміз.

Тілдік қатынасқа түсу үшін белгілі бір сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемді қолданамыз. Осылайша, адам тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіреді. Демек, тілдік бірліктердің сыртқа шығып, қолданыста жүзеге асып, адамдар арасында қарым-қатынас жасауда көрініс табу формасын сөйлеу деп айтамыз. Сөйлеу - ойдың тілдік құралдар арқылы сыртқа шығуы.

Қазақ ғалымдарының ішінде сөйлеуге қатысты алғаш пікір айтқандар – А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов.

А. Байтұрсынов өзінің «Тіл - құрал» атты еңбегінде: «Сөйлеу – адамның белгілі бір мәселеге қатысты толық, түсінікті ойын білдіру», - деп атап өткен болатын.

Ал Қ. Жұбанов: «Сөйлеген адам өзіне сөйлемейді, басқа біреуге сөйлейді. Мен не деп сөйлесем де, басқа біреуге өзімнің ойымнан хабар беру үшін сөйлеген боламын. Сөйлеудегі мақсат – біреудің екінші біреуге өзінің ойын білдіруі», - деп өз пікірін білдіреді.

Сөйлеу тек тіл біліктерінің көмегімен сыртқа шығады. Оған Ф. Оразбаеваның мына бір пікірі дәлел: «Сөйлеу, әдетте, тіл дыбыстарсыз және олардың айтылу, қабылдау үдерістерінен тыс болуы мүмкін емес».

Сонымен жоғарыдағы пікірлерден шығатын қорытынды: сөйлеу дегеніміз – іштегі ойдың тілдік құралдары арқылы сыртқа шығуы.

Сөйлеу жоғары деңгейде жүзеге асу үшін сөйлеудің бес әрекеті іске асуы керек.

Сөйлеу әрекеті – әртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Сөйлеу әрекетін көптеген авторлар белгілі бір хабарды, ойды, ақпаратты баяндау, яғни екінші біреуге жеткізу деп түсіндіреді. Немесе тілдік қарым-қатынас дегеніміз – адамдардың бір-бірімен тіл арқылы белгілі бір ақпаратпен пікір алмасу деген пікірді айтады. Осындай тәжірибелерге сүйене отырып, сөйлеу әрекетін төрт түрге бөліп қарастырамыз. Олар: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым. Сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш: ол – түсіну. Бір адам екінші бір адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу де, сөйлесу де жүзеге аспайды. Сөйлеу әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді.

Сөйлеу әрекетінің екі түрін – тыңдалым, айтылымды тілдесудің ауызша түріне, екі түрін оқылым мен жазылымды жазбаша түріне жатқызады. Бұлайша бөлу, тілдесу түрлерінің бір-бірінен едәуір алшақтығы бар екенін көрсетеді. Ол мәтін көлемінен де, ондағы синтаксистік құрылымнан да, жалпы тілдесу кезіндегі сөздер санынан да байқалады. Мұнымен қоса ауызша тілдесу кезінде есту арқылы қабылданса, жазбаша тілдесу кезіндегі ақпарат көру арқылы қабылданады. Сондықтан жазбаша тілдесу, көру арқылы қабылданып, түсіну дағдысын талап етсе, ауызша тілдесу тыңдай отырып қабылдау, түсіну, жауап беру дағдысын талап етеді.

Сөйлеу әрекетінің бес түріне оқыту төмендегі қажеттіліктерді талап етеді:

1. Сөйлеу әрекетінің әрбір түрі өз бетінше іске асады. Алайда әрқайсысы өзіне қажет дағдылардың дамуын талап етеді.

2. Сөйлеу әрекетінің ауызша түрлеріне ауызша, жазбаша түрлеріне жазбаша жұмыс түрлерін бақылау орнату қажет.

3. Оқыту кезінде оқыту мақсатына сәйкес сөйлеу әрекетінің бір түрінің ерекше басы мекендігіне қарамастан, сабақтың тиімді өтуі үшін мұғалімнің сөйлеу әрекетінің бес түрін шеберлікпен үйлестіре білуді талап етеді.

Сөйлеу әрекетінің кезеңдері

А.А. Леонтьевтің айтуы бойынша кез-келген іс-әрекет сияқты сөйлеу әрекеті де кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

1-кезең: бағдарлау. Қалыптасқан сөйлеу жағдайын (коммуникативтік) талдауды білдіреді.

2-кезең: сөйлеу әрекетін жоспарлау. Қарым-қатынас жоспарын құруды қамтиды, яғни:

а) Тақырыбы «Мен не туралы сөйлесемін, жазамын?»

б) Мақсаты «Неге (не үшін) сөйлеу, жазу керек?»

в) Мазмұны «Мен не туралы сөйлесемін, жазамын?»

г) Формасы «Мен өз сөзімді қандай формада ұсынамын?»

3-кезең орындау. Сөйлеу өнімін ауызша (айтылым) немесе жазбаша (жазылым) түрде тікелей ұсынуды білдіреді.

4-кезең бағалау. «Сөйлеу әрекетінің бастапқы кезеңінде қойылған мақсатқа қол жеткізілді ме?» деген сұраққа жауапты қамтиды.

Ауызша қарым-қатынас қандай жағдайда жүзеге асырылса да, ақпарат қандай құралдардың көмегімен берілсе де, ол сөйлеу әрекетінің біртұтас үлгісіне негізделеді. Бұл моделдің элементтері: ақпарат жіберуші (сөйлейтін немесе жазатын адам), ақпаратты қабылдаушы (оқитын және тыңдайтын адам).

Сөйлеу әрекетінің түрлері:

- Айтылым – бізге бұл ақпаратты, фактілерді сөзбен және сөйлеммен өрнектелген дыбыстар арқылы жеткізетін процесс;

- Тыңдалым – ауызша айту арқылы айтылған ақпаратты қабылдау және түсіну процесі;

- Жазылым – сәйкес графикалық құралдарды (әріптерді пайдалану) пайдалана отырып, мәтін құру процесі;

– Оқылым – жазбаша (басылған) мәтіндерді қабылдау және түсіну процесі.

Сөйлеу әрекетінің бұл түрлері бір-бірімен тығыз байланысты және коммуникациялық процестің негізі. Сөйлеу қарым-қатынасының тиімділігі мен табыстылығы, мектептегі білім сапасы осы сөйлеу әрекеті дағдыларының адам бойында қаншалықты қалыптасқанына байланысты.

Репродуктивтік іс-әрекет – бұл өз қызметі барысында ақпаратты қайталауға, жаңғыртуға мүмкіндік беретін әрекеттер.

Тыңдалым мен айтылым – ауызша және жазбаша мәтіндерді қабылдау мен түсінуге байланысты сөйлеу әрекетінің репродуктивтік (рецептивтік) түрлері.

Продуктивтік қызмет - белгілі бір нәтижеге немесе өнімді алуға бағытталған әрекеттер.

Айтылым мен жазылым - сөйлеу әрекетінің продуктивтік түрлері болып табылады.

Бастауыш сынып сабақтарында біз репродуктивтік және продуктивтік дағдыларды қалыптастыруымыз керек. Мысалы:

Репродуктивтік білік пен дағдылар:

1. Тірек сөздер, жоспар, жетекші сұрақтар негізінде оқығанын қайталау.

2. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу, олардағы негізгі ойды ерекшелеу.

3. Мазмұнын диалог немесе монолог түрінде беру үшін, қосымша ақпаратты алып тастау арқылы мәтінді қысқарту.

4. Оқыған мәтін бойынша сұхбат, әңгіме түрінде диалог құру.

5. Реферат, қысқаша тезис жазу.

Продуктивтік білік пен дағдылар:

1. Қарым-қатынас жағдайында жасалған жаңа тілдік және сөйлеу құралдарын қолдану.

2. Мәтінге сүйене отырып, сыныпта сөйлеу арқылы байланыс жасау үшін реферат немесе шағын баяндама жазу.

3. Белгілі тақырып бойынша ғылыми жобалық жұмысқа қатысу.

Репродуктивтік оқыту әдістері дәстүрлі оқытуға жатады. Мұндай оқыту технологиясы педагог ұсынатын дайын үлгілер мен мысалдар негізінде білім алушылардың нақты білімі мен дағдыларын (Hard skills) қалыптастыруға бағытталған.

Оқытудың продуктивтік әдістері белсенді, инновациялық оқытуды білдіреді. Мұндай оқыту технологиясы білім алушылардың пайдалы материалды немесе практикалық құндылығы бар материалдық емес өнімін шығаратын жеке іс-әрекеттер негізінде білім алушылардың икемді біліктіліктері мен дағдыларын (Soft skills) қалыптастыруға бағытталған.

Осылайша, сөйлеу әрекетін адамның белгілі бір дәрежеде тіл белгілері арқылы делдалдық әрекеті (мінез-құлқы) деп түсіну керек. Толығырақ айтқанда, сөйлеу әрекетін тілдік белгі «ынталандыру құралы» ретіндегі әрекетті (Л. С. Выготскийдің айтуы бойынша), яғни «біз сөйлеу әрекетін қалыптастыратын және оны белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданатын әрекет деп түсіну керекпіз».

Сөйлеу әрекетінің түрлері туралы түсінік тіліміздің оқыту әдістемесіне шетел тілін оқыту әдістемесінен енген. Ол атақты лингвист және педагог академик Лев Владимирович Щербаға тиесілі. Шын мәнінде, бұл әдістемелік және психологиялық ұғым.

2 Бастауыш сыныптарда қазақ, орыс және шетел тілдерін оқытуда репродуктивтік және продуктивтік дағдыларды дамытудың әдістемелік негіздері

Қазіргі мектептің ерекшелігі, іс-әрекет пен қарым-қатынас барысында қалыптасатын білім алушының жеке басына бағытталған білім беруді ізгілендірудің күшейтілген процесі. Білім алушыларды ауызша және жазбаша түрде толыққанды қарым-қатынасқа дайындау міндеті - бүгінгі күннің басты талабы.

Сөйлеу әрекетінің репродуктивтік және продуктивтік түрлері – графикалық белгілердің көмегімен бекітілген сөйлеу әрекетінің түрлері. Оқу және жазу үшін бала алдымен графикалық белгілер жүйесін меңгеріп, графикалық белгілер бойынша дыбысты қайта жасауды (оқу кезінде) немесе олардың көмегімен дыбысты түзетуді (жазу кезінде) үйренуі керек.

Белгілі бір графикалық жүйеде жазылған мәтінді дұрыс айтудың автоматтандырылған мүмкіндігі - оқу дағдысы болып табылады. Ал жазу дағдысы - дыбыстық сөйлеуді графикалық белгілерге айналдыратын жазбаша сөйлеудің автоматтандырылған құрамдас бөлігі болып табылады.

Репродуктивтік оқу дағдыларын дамытудың әдістемелік негіздері

Сауат ашу кезеңінде (сауаттылығын қалыптастыру) бірінші сынып білім алушыларының оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, ажырамас байланыста жүзеге асырылады, бұл олардың қарама – қарсы бағыттағы іс – әрекеттерінің психологиялық мазмұнының жалпылығына байланысты: оқу кезінде - графикалық белгілерді қабылдаудан оқылғанның мағынасына, жазу кезінде - мағынадан графикалық белгілерді салуға қалыптастырады.

Оқылым репродуктивтік (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтудан гөрі жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді, яғни жазба тілдегі мәтінді түсіну. Аталған кешен интенсивті және экстенсивті оқу материалдарымен молынан қамтылған. Алайда арагидік тілдің табиғи қалпын білім алушыға таныту үшін өңделмеген нұсқадағы мәтіндер де мақсатты түрде оқулыққа енгізілген. Оқылымды шолып оқу, нақты мәліметті тауып оқу немесе болжап оқу, мәтін абзацтарын ретімен оқу т.б.

Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі, тілдің айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алуы. Оқылым бойынша біліктілік деңгейін анықтау және бағалау келесі нәтижелермен айқындалады: түсініп оқу, зерттеп оқу, шолып оқу, мәселені сын тұрғысынан бағалау, негізгі аргументті анықтап, дәлелдеу;

Оқырманның мақсаты – мәтіннің мазмұнын, оқығанын түсіну болса, жазушының мақсаты – өз ойын, сезімін оқырманға жеткізу. Репродуктивтік және продуктивтік дағдылар мақсат емес, оған жету құралы болып табылады. Сондықтан әр педагог оқыту процесін сауатты ұйымдастыруды ескеруі керек. Білім алушы қаншалықты мәтінді тез түсініп, өз ойын жеткізуді тезірек жүзеге асыра алса, соғұрлым оқу және жазу дағдылары сәтті қалыптасады. Екінші жағынан, репродуктивтік және продуктивтік дағдылардың техникалық жағын

жоғары деңгейде меңгеру іс-әрекеттің осы түрлерін сәтті жүзеге асырудың шарты болып табылады.

Оқыту әдістемесі оқу процесінің психологиялық мазмұнын және оның қалыптасу заңдылықтарын түсінуге негізделген. Репродуктивтік дағдыларды дамыту процесі графикалық белгілерді визуалды қабылдау. Ол графикалық белгілердің көмегімен, берілгендердің айтылуымен, есту қабілетімен және оқуды түсінуімен жүзеге асырылады. Оқу сапасы осы механизмдердің әрқайсысының қалыптасуына да, оқу кезінде олардың өзара әрекеттесу дәрежесіне де байланысты. Нәтижесінде, яғни оқығанды қабылдау, айту және түсінуді бір уақытта жүзеге асыру және оқылғанды мағыналық өңдеуге білім алушының назарын аудару үшін оқу дағдысын жақсы меңгерген оқырманды сипаттайды.

Репродуктивтік дағдылардың қалыптасу көрсеткіштері:

- 1) мәтінді дұрыс, қатесіз және бірқалыпты оқу;
- 2) оқу жылдамдығы, яғни оқылымды жақсы түсінуге мүмкіндік беретін оқу (жылдамдығы минутына 50-60-тан 150-180 сөзге дейін дауыстап оқу үшін);
- 3) түсіну, оқуды меңгеру кезеңіне байланысты оқылатын мәтінді түсінудің белгілі бір дәрежесін білдіреді;
- 4) мәнерлілік, яғни оқылған мәтіннің мағынасын жеткізу үшін, дауыстап оқу кезінде интонациялық құралдарды қолдану.

Алайда, мұндай нәтижеге жету – дұрыс, саналы түрде жақсы қарқынмен оқу, барлық зейін оқылып жатқан мәтіннің мағынасына шоғырланып, оны айту процесіне алаңдамайды, белгілі бір уақыт пен тұрақты жаттығуларды қажет етеді. Репродуктивтік дағдыларды игерудің ұзақ процесінің үш кезеңі бар [7]:

Аналитикалық кезең әдетте сауат ашу кезеңіне сәйкес келеді. Осы кезеңдегі оқу процесі баланың графикалық белгілерді бірізді, әр кезеңде тануымен, олардың дыбысталуымен және белгілі бір байланысымен сипатталады. Операциялардың әрқайсысы баладан көп күш жұмсауын талап етеді, оқу кезінде ол әр сөзге буындық талдау жасайды және буындап оқиды. Графикалық формадан мағынасына ауысуы және айтылу, есту арқылы жүзеге асады, бұл баланың оқылғанды түсінуін жеңілдетеді. Сондықтан оқи бастаған бала өзі үшін жарты дауыспен, тыңдаушылар үшін қатты, дауыстап оқиды [9].

Репродуктивтік дағдыны меңгерудің *синтетикалық кезеңі* оқылатын мәтінді қабылдаудың, айтудың, түсінудің және жинақтаудың бір уақытта жүзеге асырылуын қамтиды. Бұл кезеңге өтудің белгілері мәтінді бастапқы оқу кезінде тұтас сөздерді дауыс ырғағымен келтіре оқу, бұл баланың қабылдауымен бір уақытта мәтіннің, жеке сөздердің, сөйлемдердің немесе мәтін үзінділерінің мағынасын түсініп қана қоймай, оны оқудың жалпы мағынасымен байланыстыратынын көрсетеді. Бұл кезеңде оқылатын мәтінді қабылдауда автоматтандыру элементтері пайда болып, оқу дағдысы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Қабылдау процесін автоматтандыру кезеңі мәтінді қабылдауда автоматтандыруға қол жеткізумен және оқырман назарын оқудың мағыналық өңдеуіне аударумен сипатталады. Бұл кезеңге өтудің белгілері баланың өз бетінше оқылған шығармаға тікелей эмоционалды реакциясы, оқығаны туралы

өз ойымен бөлісуге ұмтылуы, оқылғанға деген көзқарасын білдіру болып табылады.

Сауат ашуды оқыту кезеңінде, оқуға үйретуді ұйымдастырған кезде, оқу дағдысын әлі меңгермеген жаңа бастаған білім алушының оқу ерекшеліктерін ескеру қажет.

Жазу дағдыларын дамытудың әдістемелік негіздері

Жазылым – продуктивтік дағдылар қатарына жатады. Продуктивтік дағды дегеніміз – тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамсыз етеді. Біз жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлемдер құрастырамыз. Ал сөйлемдерді топтастыру арқылы өз ойымызды жеткізе аламыз. Оқулық пен жұмыс дәптерінде жазылымға арналған тапсырма түрлері көптеп беріледі. Осы орайда жазылым сабақтың мақсатына қарай «қатаң қадағаланатын» және «еркін жазуға арналған» болып екіге бөлінеді. Оған қоса, жазылымның дайын үлгіні толтыру формасы да ұшырасып отырады.

Жазудың продуктивтік дағдыларын оқыту әдістемесі жазбаша сөйлеу процесінің психологиялық мазмұнын түсінуге негізделген, ол ауызша сөйлеуден оны жүзеге асырылуын сезіну дәрежесі бойынша ерекшеленеді. Жазушының мақсаты өз ойын жеткізу, жазу кезінде оның назары, ең алдымен, мәлімдеменің мазмұнына бағытталуы керек. Сонымен қатар, жазбаша сөйлеудің ерекшелігі әңгімелесуші болмаған жағдайда пайда болып, хабарламаның мазмұнын толығымен жүзеге асырады.

Жазу дағдысының құрылымы жазу процесінің психологиялық мазмұнымен анықталады. Олар:

- сөзді есту арқылы қабылдау және айту;
- дыбысты талдау және сөздің фонемалық құрамын анықтау;
- таңдалған фонемалардың әріптермен байланысы;
- қағазға графикалық белгілерді салу.

Жазу процесінде дыбыстық-әріптік талдау маңызды рөл атқарады. Жазу дағдысын меңгерудің жетістігі көбінесе баланың сөйлеуінің даму деңгейімен, артикуляциялық механизмдердің қалыптасуымен, дыбыстық талдау дағдыларымен анықталады [13].

Жазу кезінде білім алушының назарының қайда бағытталатынына және қандай психикалық процестердің басым болуына байланысты жазу дағдысын қалыптастыру процесін келесі кезеңдерге бөлуге болады:

I кезең әдетте сауат ашу кезеңіне сәйкес келеді. Жазу кезінде баланың назары сөздегі дыбыстық талдау операцияларын орындауға, дыбыстарды белгілі бір белгілермен байланыстыруға, әр әріпті жазуға (оны құрайтын элементтерге бөлуге) аударылады.

II кезең жоғарыда аталған әрекеттерді біртіндеп автоматтандырумен сипатталады; жазуы тегіс, қозғалыстары үйлестірілген, тұрақты және шиеленісі аз болады. Сөзге дыбыстық талдау жасау, әріптің пішінін еске түсіру, ондағы элементтерді таңдау бала назарын аударуды тоқтатады. Жазудың басқа да аспектілері жүзеге асырылады. Олар: орфографиялық ережелерді қолдану,

сөйлемдерді, мәтіндерді жазу кезінде сөйлеудің дұрыстығына қойылатын талаптарды орындау.

III кезең сөйлеу арқылы жазу кезеңі деп аталады. Білім алушының барлық назары хабарламаның мазмұны мен сөйлеу мәнеріне бағытталады. Автоматтандырылған жазу дағдылардың көмегімен артық күш жұмсамай, оңай әрі жылдам жазуға бейімделеді. Дегенмен, оқытуды ұйымдастырған кезде, ең қарапайым сөзді (емлесіз) жазу үшін барлық операциялар қажет екенін түсіну маңызды. Себебі, ол кезең әрі баладан көп күш салуды талап етеді. Олар: сөзге дыбыстық талдау жасау, дыбыстар тізбегін жадында сақтау, әрбір таңдалған дыбысты белгілі бір әріппен салыстыру, оның жазылу жолын есте сақтау, биіктігі, ені т.б талаптарды сақтай отырып, жазуы керек.

Фонетика мен графиканың ерекшеліктеріне сәйкес, қазақ тілін оқыту кезінде білім алушылар мынаны түсінуі қажет:

- 1) дыбыс пен әріпті байланыстыру;
- 2) әріпті дыбыстап айту кезінде оның жазылу ережесін (қай әріптің алдында, сөздің басында, қай әріптен кейін) ескеру;
- 3) оқу кезінде дыбыстарды бірге айту;
- 4) дыбысты жазу кезінде оның сапасы мен буындағы орнын ескеру қажет.

Репродуктивтік тыңдау дағдыларын дамытудың әдістемелік негіздері

Тыңдалым рецептивтік дағдылар қатарына жатады. Тыңдалым дегеніміз – тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Ол үшін біз тіліміз бен білімімізді пайдаланамыз. Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтығандықтан, оның тілі жазба тілден өзгеше болып келеді.

Тыңдалым дағдысы бойынша: негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады.

Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде білім алушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп, тыңдайды. Кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну, сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер білім алушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсініп, өз пікірін білдіріп, басқалармен қарым-қатынас жасап, тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқып, мәселелерге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алатын болады.

Тыңдалымның түрлері: әңгімелесу (диалог), әңгімелер (оқиға), хабарландыру, әндер, нұсқау, лекция және жарнама т.б. Оқулық көлемінде ұсынылған тыңдалым мәтіндері қысқа және көлемді болып келеді. Оның қысқа нұсқалары тілді тыңдап тануға немесе жаңа сөздер мен тілдік құрылымдарды таныстыру мақсатында беріледі. Ал көлемді болып келетін диалогтар мен монологтар, өлеңдер мен әндер,- тыңдалым дағдысын қалыптастыруға және тыңдағанды қаншалықты білім алушы түсінгенін бағамдап білуге арналып жазылған.

Мектепте **тыңдалым** ақпаратты қабылдаудың маңызды жолдарының бірі болып табылады. Сондықтан бастауыш сыныптарда балаларды мұғалімнің, достарының сөздерін тыңдап үйренуін назарға алуымыз керек. Бастауыш сынып

мұғалімі пәнаралық байланысты сақтай отырып, тыңдалым дағдысын барлық сабақтарда пайдаланады.

Тыңдау қабілеті әлеуметтік маңызы бар, сонымен бірге қиын қарым-қатынас дағдыларының бірі. Жоғарыда айтылғандай, тыңдау - түсінуге және өңдеуге бағытталған ауызша мәлімдемені семантикалық қабылдау болып табылады. «Тыңдау» және «есту» сөздерінің мағынасының айырмашылығына назар аударған жөн. Есту – сөйлеуді құлақ арқылы физикалық түрде қабылдау, тыңдау – ерік әрекетінің, оның ішінде ақыл-ой әрекетінің нәтижесінде қабылданған сөйлеуді түсіну. Толық тыңдаудың негізгі критерийінің бірі естігенді түсіну болып табылады.

Тыңдалым мен айтылым дағдысы білім алушылардың тіл байлығын арттырып, ойлау қабілеттерін дамытады. Тұйық балалардың сабаққа деген ынталары артып, мінез- құлықтары қалыптасып, оқуға деген таным қабілеттері артады. Білім алушы ойын арқылы білім ала отырып, оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын мен оқудың үйлесімділігі арқылы пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын арттыруда, тиімді әдіс-тәсілдер қолдану барысында, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек. Яғни мұғалімде қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген түсінік болуы тиіс. Оқытудың тиімді стратегиясы арқылы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты болады, яғни қандай процестер, әдістер, оқыту құралдары арқылы оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет деген сұрақтарға жауап іздейді.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым - бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан да білім алушыларға осы төрт дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі - осы дағдыларға ерекше назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады. (Wallace, Stariha & Walberg, 2004). Мысалы, тақырыпты талқылау тиісті лексиканы қолдануды көздейді, сол арқылы оқылым дағдысы бойынша берілген тапсырмаға қызығушылық туғызады. Осыдан кейін оқығанының негізінде жазбаша тапсырма орындаудың үлгісі ұсынылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп енгізудің тағы бір жолы – аудио-мәтін тыңдап немесе бейнематериал көрсетіп, содан кейін пікірталас жүргізуге немесе жазбаша тапсырма орындауға болады. Бастауыш білім беруде негізгі коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда белсенді оқудың стратегияларының сипаттамасына тоқталатын болсақ:

1) Белсенді оқу. Білім алушыларға эксперимент жасауға, мағына құрып, түсінік қалыптастыруға, жаңа білім мен бұрынғы меңгерілген білімнің арасында байланыс орнатып, қателік жібермей, барынша терең түсінуге жетелейді.

2) Бірлескен оқу (топтық жұмыс). Тұлға аралық және қарым- қатынас дағдыларын жақсартып, білім алушылардың арасындағы кедергілерді жояды.

3) Саралап оқыту. Әр білім алушының оқудағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандырып, түсінік пен дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді. Өзіне, өз

күшіне деген сенімін арттырып, білім алушыларға идеяларды терең түсінуге көмектесе отырып, шығармашылыққа ынталандырады.

4) Моделдеу. Сарапшы мысал келтіріп, оны көрнекіліктің көмегімен түсіндіреді. Пән мазмұнын зерделей отырып, сарапшы ретінде ойлануға жетелейді. Білім алушылардың барынша тәуелсіз болуына жағдай жасай отырып, тапсырманы кезеңдерге бөліп орындауларына жағдай жасап, рефлексия жасауға ынталандырады.

5) Оқу диалогы. Білім алушылардың өзара білімі мен дағдыларының алмасуына жағдай жасап, барынша терең түсінуге ынталандырады.

Сөйлеуді қабылдау сөйлеушінің қаншалықты түсінікті, анық сөйлейтініне, сөйлеуінің қарқынына, көлеміне, ең бастысы қарым-қатынас орната білуіне байланысты. Екінші жағынан, көп нәрсе тыңдаушыларға, олардың материалды түсінуге деген дайындығына, жаңа ақпаратты қабылдау үшін қажетті білімін игеруіне, ақпаратты қалай тыңдай алатындығына, ақпаратты игерудің қандай тәсілдеріне ие екендігіне байланысты. Демек, ауызша сөйлеуді дамыту мәселелерін шеше отырып, мұғалім балаларды тыңдауға, ақпаратты қабылдауға үйретеді.

Тыңдау дағдыларын дамыту бойынша атқарылатын жұмыс түрлері:

- 1) Тапсырмалар. Білім алушылардың мұғалімнің айтқан сөзін қайталауы;
- 2) Тыңдау кезінде фактілердің нақты атауларын, тыңдаушы есте сақтау қажет деп санайтын; мысалы, мәлімдеме тезисін, даулы жағдайды, хабарламаның жаңа бөлігіне көшуді жазып алу;
- 3) Түсіндіру кезінде сөйлеушінің тақтадағы жазбасы және т. б.;
- 4) Жоспар құру;
- 5) Реферат, тезистер жазу;
- 6) Ақпаратты суреттеу (кестелер, схемалар, диаграммалар т. б. құрастыру);
- 7) Аудио жазбаны бірнеше рет тыңдап, естігенін сыни тұрғыдан түсініп, презентацияның мәні мен формасын бағалауды (оның ішінде оның интонациялық оқуын) қамтиды.

Жұмыс барысында игерілетін біліктіліктер мен дағдылар:

- тыңдау;
- естігенін есте сақтау;
- көлемді мәтіндердің мазмұнын есте сақтау;
- мәтін мазмұны бойынша жоспар құру;
- оқығанын атау;
- мәтінді бөліктерге бөлу;
- жоспар бойынша естігенін есте сақтау.

Білім алушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға көмектесетін әдіс-тәсілдер:

1. «Ширату». Бұл тәсілдің мәні бөлімдердің бірінде тақырыпты оқу кезінде мұғалім сабақтың басында шағын сөйлеу жаттығуын береді. Тапсырма оқылатын тақырыпқа байланысты болуы керек, мақсаты – қызығушылықты оятып, сабақта талқыланатын мәселелерге өзіндік «көпір» қызметін атқару.

2. *Жаңылтпаштар*. Бұл жаттығуды айтылым алдында артикуляциялық тіл жаттығулар және дикцияны дамыту үшін қолдануға болады.

3. *«Көшпелі микрофон» әдісі арқылы интервью жүргізу*. Берілген сұрақтарға жауап алу арқылы тыңдалатын мәтінге болжау жасалғанда немесе тыңдалымнан кейін білім алушыларға нақты мазмұнды тексеруге бағытталған сұрақтар қойылғанда өте тиімді келеді. Бұл әдісті тек сабақ үстінде ғана емес, үй тапсырмасы кезінде де қолдануға болады. Аталған әдісті білім алушылар шығармашылық жоба құрастыруда пайдаланды. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша білім алушылар (топқа бөлініп) бірнеше сұрақтар дайындайды. Дайындалған сұрақтармен қала тұрғындарынан ұялы телефон арқылы интервью алады. Әр топ интервью алғаннан кейін келесі сабаққа бейнеролик пен слайдқа жасаған сараптамаларын әкеліп, жұмыстарын қорғайды.

4. *«Көрме» («Галереяны шарлау» әдісі Саймон Браунхилл ұқсас келеді)* Талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын ұсыну, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну. Қабырғаға дайындалған постер ілінеді. Топтар кабинет ішінде қозғалысқа түсіп, көрмеге барады. Қабырға газеттерін қарайды, сараптайды, талдайды. Көрме аяқталған соң, топтар жұмыстарды талқылайды. Бір-біріне сұрақтар қойып, пікірлерін тыңдап, қорытынды жасайды.

5. *«Блум түймедағы» Блум түймедағының алты күлтесі – сұрақтар типінің алты түрі*

1. Қарапайым сұрақтар. Оларға жауап бере отырып, болған жайттар туралы әңгімелеп беруге болады.

2. Анықтаушы сұрақтар. Әдетте «Сонда сіз солай демекшісіз ғой..?», «Менің түсінігім бойынша, сіз...», «Менің қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше, сіз былай айтқан сияқты болдыңыз...» деген сұрақтар болады. Бұл сұрақтар анықтау мақсатында жайдары көңілмен берілуі керек.

3. Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ. «Неліктен жапырақтар күз мезгілінде сарғаяды?»- деген сұрақтың жауабын білім алушылар білетін болса, ол сұрақ жай сұраққа айналады.

4. Шығармашылық сұрақтар. «егер», «болса», «қалай болар еді» деген сияқты сөздермен келеді.

5. Бағалау сұрақтары. «Неліктен бұл жақсы, басқасы жаман деген баға алды?», «Бір нәрсе екінші нәрседен несімен ерекшеленеді?» деген сұрақтар бағалау критерийлерін түсіндіруге бағытталған.

6. Тәжірибелік сұрақтар. «Күнделікті өмірде қай жерде байқайсыз?», «Сіз қалай істер едіңіз?» деген сипаттағы сұрақтар теория мен практиканы ұштастырады. Сұрақтар түрі, сұрақтар ерекшелігі, мысалдар. Олар не үшін қажет? Қарапайым «Не?...» , «Қашан?...», «Қайда?...», «Қалай?...» сұраулы сөйлемдерден басталады. Белгілі бір ақпаратты, мәліметті еске түсіру, анықтау үшін нақтылайтын «Яғни сен... деп айтып тұрсың ғой?», «Егер мен дұрыс түсінсем,...?», «Мен қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше, сендер... деп айттыңдар?» Хабарламада айтылмаған, бірақ соған меңзеп тұрған мәліметті алу үшін түсіндірмелі «Неліктен?...» сұрауынан басталады. Себеп-салдар байланыстарын орнату үшін шығармашылық «Егер де...» шартты рай

шылауының қатысуымен жасалады; «Егер де... не болады?», «Қалай ойлайсындар, егер де... қалай дамыту қажет?» Болжам жасау үшін, мәселені жан-жақты қатыстыру үшін бағалаушы «Неліктен бір нәрсе жақсы, енді бір нәрсе жаман?», «Бір сабақтың екінші бір сабақтан айырмашылығы қандай?» Оқиғалар, фактілер мен құбылыстарды бағалау, критерийлерін анықтау үшін қолданбалы «...қалай қолдануға болады?», «...не жасауға болады?», «Өмірде қай жерде кездестіретін едіңдер?» теория мен практиканы орнату үшін қолданылады.

6. «*Әңгімелесетін әріптестер*». Өткен сабаққа сілтеме жасауды көздейтін бастапқы немесе бүкіл сыныпқа арналған тапсырма ретінде білім алушылар әріптестерімен:

- * жаңа оқылған 3 факті туралы;
- * оларға жеңіл болып көрінгендер туралы;
- * оларға қиын болып көрінгендер туралы;
- * алдағы уақытта оқығысы келген нәрселер туралы ақпарат алмасады.

7. «*Мықты топ*». Ең алдымен, ойынның басында топ басшылары анықталады. Олар өздеріне топ құрады. Ойынға қатысушылар топтары бойынша парта басына отырады. Бір топ тақта жанында қалады. Басқа топтардың өкілдері оларға оқылған тақырыптары бойынша сұрақтар қояды. Топтың сұрақтары өз ішінде талдауға 20 секунд беріледі. Содан кейін бір білім алушы жауап береді (кезекпен). Жеңімпаз топ дұрыс жауаптар мөлшерімен анықталады.

8. «*Еркін пікір*». Пікірталастар ұйымдастыру, баяндамалар жасау, реферат, шағын ғылыми жұмыстарды қорғау – білім алушының білім қорын, ізденісін көрсетумен қатар, сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін меңгеруіне қызмет етеді.

9. «*Жұмбақ зат*». Ойынның мақсаты: білім алушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Ойынның шарты: білім алушылардың алдына ыдысқа немесе қорапшаға салынып бір зат әкелінеді. Сол затты мұғалім жауабын айтпай сөзбен сипаттайды. Білім алушылар шешімін табу қажет. «Жұппен жұмыс» немесе «Топпен жұмыс» түрінде өткізуге болады. Бұл жұмыс түрінің мақсаты – балаларды басқа адамды естуге, тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға, дәлелдеуге, басқаның пікірімен санасуға мүмкіндік береді.

10. «*Егер..., онда не болар еді?*» Білім алушылардың бірі жүйрік қиял мен бірі жағдаят айтады, қалғандары соның шешімін тауып жалғастыру керек. Мысалы, «Егер әрбір адам дүниеге келе сала басқалардың ойын оқи алатын болса, онда Жер бетінде не өзгеріс болар еді.?», «Егер жердің тартылыс күші жоғалып кетсе, онда...», «Егер барлық адам сөйлеу қабілетінен айырылып қалса, онда...» Бұл тәсіл білім алушылардың қиялын дамытып, мидың ойлау белсенділігін арттырып, сөйлеу әрекеттерін шындай түседі.

11. «*Ертегі құрастыру*». Бастаушы ертегінің бірінші сөйлемін айтады. Қалғандар бір-бір сөйлемнен өздері қалауынша ертегінің сюжетін құрастырады. Қатысушылардың қиял жүйріктігі, тіл байлығына қарай түрлі ертегі құрастырылып шығады.

12. «*Жақсы сұрақ*». Білім алушылармен «жақсы» сұрақ ұғымын талқылаңыз. Үдеріс ашық және жабық сұрақтардың арасындағы айырмашылықтарды анық түсінуге мүмкіндік береді. Одан кейін олар тақырып

бойынша сұрақтар қоя алады және олардың қайсысы жақсы болғанын шешіп, одан кейін сұрақтардың жауаптарын талқылауға ауысады.

Бастауыш мектепте тілдерді оқытудың репродуктивтік және продуктивтік дағдыларын дамытудың әдістемелік негіздері тіл білімі саласындағы маңызды тақырып болып табылады. Бұл дағдыларды дамыту тіл үйренуде өте маңызды, өйткені ол білім алушыларға әртүрлі контексттерде тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Тілдерді оқытуға жеке көзқарас білім алушылардың нәтижелері мен мотивациясын жақсартуға ықпал етеді. Бұл мұғалімге әрбір білім алушының қажеттіліктеріне сәйкес оқытуға, жеке қолдауды қамтамасыз етіп, қолайлы оқу ортасын құруға мүмкіндік береді. Продуктивтік дағдыларын дамыту үшін білім алушыларға нақты, құнды және олардың қызығушылықтарына қатысты тапсырмалар мен жобаларды ұсыну. Оған презентациялар жасау, жазбаша есептер, рөлдік ойындар немесе таңдалған тақырып бойынша шағын зерттеулер жатады. Мұндай тапсырмалар білім алушыларының алған білімдері мен дағдыларын практикалық жағдайларда қолданып, олардың коммуникативтік дағдылары мен шығармашылық ойлауын дамытуға көмектеседі.

Репродуктивтік және продуктивтік дағдыларды дамыту мұғалімдерден шыдамдылықты, қолдауды және үнемі ынталандыруды қажет ететін процесс екенін есте ұстаған жөн. Тапсырмаларды біртіндеп қиындату, өздігінен және шығармашылық ойлауды ынталандыру мен бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану білім алушыларға тілдік құзыреттіліктің жоғары деңгейіне жетуге көмектеседі.

Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу.

Оқылымның ішкі дағдылары: мазмұнын түсіну үшін оқу, көз жүгіртіп оқу, мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Оқылым, біріншіден, ой мен мидың жұмысына байланысты болса, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін танып білуге қатысты. Үшіншіден, мұнда осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің рөлі зор. Осындай ерекшеліктер іске асқан жағдайда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынып, білім алушылардың қажетіне жарайды.

Танымдық оқылым дегеніміз – оқырманның кез-келген қызықты, танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет-журнал т.б. материалды оқып-түсіну. Танымдық оқуда арнайы ізденушілік, сол материалды зерттейін деген мақсат бола бермейді.

Зерделік оқылым - материалды, не мәтінді басынан аяғына дейін толық түсініп оқу. Тексттің барлық мазмұнын тәптіштеп біліп, ондағы информацияның бірде бірін ескерусіз қалдыруға болмайды. Сонымен бірге үйренуші шығармаға, яғни мәтінге анализ жасай отырып, ондағы әрбір бөлімді талдайды. Сөйтіп бүкіл материалды жан-жақты зерттейді.

Кей ретте зерделік оқылым арнайы жасалған схема, таблица, сурет, жоспар, көрнекіліктермен қатар жүргізіледі.

Қажетіне қарай тексттің /шығарманың/ кейбір тұстары қайта оқытылып, сөйлемдерге айрықша назар аударылады немесе олар арнайы белгілермен ажыратылып, дауыстап айтылады.

Көрсетілімділік оқылым - берілген материалды жүйелеп қарап шығып, оның не туралы екенін қысқаша анықтап беру, оның тақырыбын айқындау, ең бастысы мәнін, ерекшелігін танып көрсету.

Мұнда оқырман барлық материалды ежіктеп оқымаса да, оның тарауларын, абзацтарын, ережелерін, тұжырымдарын жеке-жеке қарап шығып, оларға қатысты негізгі ойды көрсетеді, тақырып қояды.

Ізденімділік оқылым - берілген материалдың /текст, шығарма, кітап т.б./ ішінен автор өзіне керекті фактіні, хабарды, сілтемені, көрсеткішті т.б. іздеп тауып, пайдалана білу. Біріншіден, мұндай оқу жылдамдықты қалайды, екіншіден, көлемді текстен әркім өз қажетін таңдап алуға мүмкін болатын тапқырлықты қажетсінеді.

Ізденімдік оқылымда оқырман кітап пен тұтас материалды түгел оқып не қарап жатпайды, тек өзіне керектісін мазмұннан, жоспардан, схемадан т.б. іздестіріп, тауып алады және нені іздеп табу керектігін алдын ала біледі.

Оқылым дағдысы бойынша:

- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білу;
- астарлы ойды анықтау;
- шығарма кейіпкерлерін салыстыра білу;
- зерттеп оқу;
- сыни тұрғыдан бағалай білу дағдылары.

Мәтінді түсіну үшін білім алушыларға өз білімдерін пайдаландыру мақсатында сабақтың кіріспе бөлімінде жаттығулар ұйымдастыруға болады. Жаттығулар мәтіндегі суретпен немесе тақырып мазмұнын болжаумен байланысты болу мүмкін. Сонымен қатар миға шабуыл жаттығуын да қолдануға болады, яғни тақырыпқа байланысты идеялар, сөздер немесе білім алушылардың тәжірибесін тақтаға жазу, кейін оқып болған соң салыстыру. Сонымен қатар мәтін білім алушылардың жасына, тілдік деңгейіне сай дұрыс таңдалуы қажет. Мазмұны қызықты етіп алынған мәтін білім алушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Егер мәтіндегі сөйлем құрылысы тым күрделі болса, онда ол білім алушылардың түсінуіне тым қиын болуы мүмкін.

Оқылым алдында орындалатын тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

Оқылым кезінде орындалатын тапсырма: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар. Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жана сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет.

Оқылымды меңгертуге практикада қолданылып жүрген белсенді әдіс-тәсілдер тізбесі:

Ойлан, жұптас талқыла – ой қозғау стратегияларының негізгілерінің бірі. Сабақтың бірінші кезеңінің мақсатына сәйкес келеді. Себебі кез- келген білім алушыға өзінің алғашқы білетіндеріне оралып, оның ішінде осы түсінік пен сөзге қатысты білетіндерін таңдап алуға мүмкіндік береді. Оның тізімін жұбымен бөліскенде, көбірек сөздер мен идеялар алуға көмектеседі, сонан соң топта талқылау, соңғы тізімін нақтылау үшін қажет, мәнсіз деп есептелген керексіздері алынып тасталады. Ол былай орындалады:

Әр білім алушы өз бетімен ойланады және жазады. ? уақыт беріледі.

Білім алушылар бір- біріне бұрылып жазғандарымен бөліседі.

Мұғалім бағыттауымен топта жұмыс істейді, ортақ тізім жасайды.

Әр топ кезекпен-кезек ортақ тізімге бір-бір сөзден қосады. Мұғалім барлық айтылған ойларды, соның ішінде пікірталас туғызатын ойларды да жазып отырады.

Терминдер арқылы болжау – білім алушылардың оқығалы отырған мәтіндерін болжауға итермелеуге бағытталған тәсіл. Ол үшін мұғалім:

- Мәтіннің мазмұнымен байланысты 4-5 сөз таңдап тақтаға жазады;

- Білім алушыларға болжауға бағытталған сұрақ қояды;

- Өз беттерімен ойлануға және жұбымен өз әңгімелерін құруға мүмкіндік береді.

Ой қозғау – сабақ басында білім алушыларды қызықтыру және оқитын мәтінмен танысуға дайындау. Осы тақырып бойынша білім алушылардың нені білетіні анықталады. Қажетті тұжырымдар мен сөздердің тізімін енгізу үшін қойылған сұрақ бойынша шешім қабылдауға көмектеседі. Сөйлеуге аз ғана уақыт беріледі, жетелейтін сұрақтар қойылып, пікірлері мадақталады.

«Ассоциация» әдісі білім алушылардың бұрыннан білетіндерін естеріне түсірте отырып, мәтінді қызықтыру мақсатында пайдалануға болады.

Ол үшін:

- мәтіннен түйін сөзді айтып, «Осы сөзді естігенде ойларыңызға не келеді?

- Көз алдыңызға не елестейді? Осы сөз туралы білетініңді жекелеген сөздермен, сөз тіркестерімен жаз», — деген тапсырма беріледі.

- 2 минуттай уақыт беріледі

- Жазғандарын жұптарымен бөлісіп, ақпараттарын толықтырады

- Топта талдайды

- Әр топтың ақпаратын мұғалім тақтаға жазады. Сабақ соңында осы жұмысқа қайта оралып, қатысы жоқ артық ақпараттарды алып тастап, қатысы бар жаңа ақпараттармен толықтыруға болады.

«Ақпараттар жиыны – интеллектуалды карта» әдісі. Оқуды бастамас бұрын білім алушылар бұрыннан білетіндері жайлы және олар нені білгісі келетіндері туралы жазу керек. Соңында олар сабақта не үйренгендерін жаза алады.

«Қателескен мұғалім» әдісі. Мұғалім мәтінді оқу барысында қате жібереді. Білім алушылар тыңдап отырып, қателескен тұсты бірден тауып, дұрыстау керек. Мұғалім қате жіберетін болғандықтан, білім алушылар асқан қызығушылықпен мәтінді қалт жібермей тыңдайды. Мұнан соң қате басылған әңгімені білім алушыларға таратады.

«*Ой жалғау*» әдісі. Мұғалім мәтінді жартылай оқиды, ары қарай 1-топқа - қайғылы, 2-топқа – көңілді, 3-топқа – әзілмен аяқтауға тапсырма беріледі. Жұмыс аяқталған кезде топ мүшелері белгі береді. Спикер шығып оқиды.

«*Жол белгісі*» әдісі. Мұнда білім алушылар мәтінді оқи отырып, әр жолға сол оқыған ақпаратқа байланысты суретпен белгі қойып отырады. Келесі топ сол мәтінді сурет бойынша айтады.

«*Сөздерді сөйлет*» әдісі. Бұл әдіс барысында мәтін топтарға беріледі. Әр топ сол мәтінді оқи отырып, ішіндегі маңызды сөздерді тізбектеп жазып шығады. Сосын жазылған тірек сөздер алмастырылады. Басқа топтар сол тірек сөздерді сөйлете отырып, мәтін мазмұнын баяндап айтады.

Белсенді оқыту тапсырмалары. Бастауыш сынып білім алушыларының оқылым дағдысын қалыптастыру үшін түрлі тапсырмалар түрлерін қолдануға болады.

Ша-ша-ша – бүгінгі күн тамаша.

Шу-шу-шу – бұл не деген айқай-шу.

Ше-ше-ше – кел ойнайық ендеше.

Ра-ра-ра – мысық жатыр қап-қара.

Ар-ар-ар – жауып тұр аппақ қар.

Ру-ру-ру – балтамен отын жару.

«*Бірігіп жазылған мәтін*» жаттығуында мәтіндегі сөздер бір-бірімен жалғасып жазылады. Білім алушы сол мәтінді оқып шығу керек.

«*Адасқан әріптер мен сөздер*» жаттығуы. Бұл жаттығуда сөздегі әріптер орны алмастырылып жазылады. Мысалы, брі кнүі Қажонсары жлоаушлыап жрүіп, сол мадңы биелп трұған хамнен кздесіп қалдыа.

«*Түсіп қалған әріптер*» жаттығуы. Бұл жаттығуда білім алушылар мәтіндегі түсіп қалған әріптерді тауып отырып, мәтінді толық оқып шығады.

Ерт.., ерт...., ертед.., мысы..., тыш....., жән.. торға.. өт.. тат.. тұрыпт... басқ.. құста.. оларды... достығын.. қызығы..т.. , қызғанып.. т.. қарайд.. еке.... Күндерді.. күнінд.. қылышы.. сүйреті.. қы.. келд... Ү.. до.. суыққ.. тоңы... ашығ.. бастайд..

Сөздерді дұрыстап оқы.

Жабұмқ, рақатақ, рәпі, сақақабак, безлікі, рамон, сықрақ, шебре, леббуе, дынммақа, сқоқы, жекіб,рекәс, мұтирны, кіршөген.

Асапн, асбаа, бтөне,ағжпа, дмуан, ажқаш, қлұқа, апшна, емке, пікта, үкріш, жлықы, ксепе, пата, елкеш, кейөлк, зңқоы.

Мәтінді оқы. Сұрақтардың орнына тиісті сөзді қой

Қай мезгіл келді? Далада не жауып тұр? Айнала қандай? Дала неге ұқсайды? Балалар қайда келді? Олар қалай киінген? Балалар қардан не жасады? Қанат аққаланың басына не кигізді? Бану көзін неден жасады? Санат мұрнына не қойды. Балалардың қолдары тоңды ма? Аққала қандай болып шықты?

Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Антарктика – біздің планетамыздағы ең суық, боранды, құрғақ орын. Ол қалың мұз қабаттарымен қапталған. Ол жақта жыл бойы тұратын адамдар өте аз. Ғалымдар мұнда көп бола алмайды. Олар арнайы ғылыми станцияларда тұрады.

Антарктикада қазан мен наурыз айлары аралығында жаз мезгілі болады. Жаздың өзінде қатты суық болады. Бұл мезгілде ол жақта үнемі жарық болып

тұрады. Ал сәуір мен қыркүйек айлары аралығында қыс мезгілі болғанда қараңғы болады.

Антарктикада қатты суық күндері қайнаған су жерге төгілмей-ақ ауада мұз болып қатып қалады.

Антарктикада пингвиндер көп мекендейді. Олар ұша алмайды, өздерінің қысқа қанаттарын жүзуге пайдаланады. Олар өте жақсы жүзеді, көп уақытын суда өткізеді. Пингвиндердің жылы мамығы және қауырсындары қыстағы суық ауадан, желден және судан қорғайды. Пингвиндер жылыну үшін топтасып алады.

Бұл жерде дүкендер жоқ. Сондықтан мұнда адамдар, көбінесе, құрғақ, консервіленген, қытырылған тамақтарды жейді.

(Материктер туралы энциклопедиядан)

1. Антарктика – Жердегі ең суық орын. Ол тағы несімен ерекше?

2. Неліктен адамдар Антарктикаға сәуір айы мен қыркүйек айларында бармайды? Себебін жаз.

3. Мәтіннің қай бөлімінде Антарктикадағы мұздың қалыңдығы жайында айтылған?

4. Антарктикада пингвиндер тоңбас үшін оларға не көмектеседі?

5. Мәтінде Антарктикадағы азық-түліктер жайында не білдің?

6. Сенің Антарктикада болғың келе ме? Неге ол жақта болғың келеді немесе болғың келмейді?

Сөйлемдерді оқы. Сөйлемдегі сөздерді дұрыс орналастырып, мәтін құрастыр.

1. Құндыз - жануары су. 2. Ол суда сүңгиді балықша. 3. Құндыздар суда өздеріне салады үйшікті. 5. Үйшіктің іші жылы болады кең. 6. Құндыздың аса құнды болады терісі. 7. Оның күшігін дейді құнай.

- Мәтіннің тақырыбын қалай атауға болады?

- Мәтіннің негізгі ой не?

- Қалай ойлайсың, құндыздар табиғатқа пайда келтірушілер ме, әлде зиян келтірушілер ме?

Материктерді атап шық. Қай материк көрсетілмеген. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып көр.



Еуразия

Солтүстік Америка

Африка

Оңтүстік Америка

Аустралия

Антарктида – Жер шарындағы, ең, ең құрлық. Антарктида құрлығын 1820 жылы орыс теңіз әскери экспедициясы ашқан.

Мұнда ... пингвиндер тіршілік етеді. Олар жағадан алысқа ұзамайды, өйткені судың жағасы

мұзды

сүйкімді

жылы

биік

суық

Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер. Сан есімдерді тап.

Коала – сүтқоректі қалталы жануар. Аустралия халқы бұл жануарды «ешқашан су ішпейтін жануар» дейді. Коала қажетті суды эвкалипттың жасыл жапырақтарынан алады. Олар күніне 18 сағат ұйықтайды. Денесінің ұзындығы 75 сантиметр, салмағы 15 кг-ға дейін жетеді. Оның қысқа құйрығы ағашта қозғалмай отыруға көмектеседі. Суда еркін жүзе алады. Олар 12 жыл өмір сүреді.

Жануарлар туралы энциклопедиядан



-Коала қандай жануар?

-Коаланың қандай ерекше қасиеттері бар?

-Олар күніне қанша сағат ояу жүреді?

-Коала қажетті суды қайдан алады?

Пікірдің ақиқат немесе жалған екенін анықта.

1. Коала ұрпағын сүтпен асырайды (ақиқат/жалған).
2. Оның құйрығы жоқ (ақиқат/жалған).
3. Коала ағашта жақсы өрмелей алады (ақиқат/жалған).
4. Коалалар ұйқыны жақсы көрмейді (ақиқат/жалған).
5. Олар суда жүзе алмайды (ақиқат/жалған).
6. Олар Африкада тіршілік етеді (ақиқат/жалған).

Мәтінді түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер. Себебін түсіндір.

Шілде айында төрт күн қатарынан жаңбыр жауды. Өзен өз арнасынан тасыды. Жағадағы қоқыстар мен шіріген өсімдіктер өзенге кетті. Су лайланды. Артынан күн ысып, айналаны қапырық басты. Су шетінде өлген балықтар жатыр.

Басылым бетінен


- Мұндай өзен суының тіршілікке қандай зияны бар?

- Суды тазарту жұмысына кімдер жауапты деп ойлайсың?

-Балықтардың жаппай қырылып қалуына не себеп болды? Берілген пікірлердің қайсысы дұрыс деп ойлайсың?

1. Суға түскен қоқыстардан балықтар қырылып қалған.
2. Күннің қатты ыстығы балықтарға әсер еткен.
3. Шіріген өсімдік қалдықтарынан қырылған.
4. Балықтарға ауа жетпеген.

Мәтінді оқы. Мәтін мазмұнын «Балық қаңқасына» орналастыр.



Балық қаңқасының басында мәтінде қарастырылатын мәселе жазылады (селдің қаупі), қабырғаларына проблеманың себептері белгіленеді, төменгі сүйекшелерінде себепті нақтылайтын дәйектер жазылады. Құйрығында қорытынды жазылады (селден қорғану).

Мәтінге сүйеніп, кестені толтыр.

Хақімжан Наурызбаев кім?	
Ол алғашқы мүсіндерін неден жасады?	
Оның шебер мүсінші екенін кім байқады?	
Ол жас кезінде қандай болған?	
Хақімжан Наурызбаев қайда оқыды?	

Мәтіндерді оқы. Салыстыр. Олардың қандай ұқсастығы бар?

1) Әміре Қашаубаев Семей жерінде дүниеге келген. Ол атақты әнші, әртіс. Әміре жастайынан әнге үйір болған. Он үш жасынан ән салып, «Әнші бала» атанып кетеді. 1925 жылы Париждегі көрмеде ән шырқайды. Әміренің керемет қайталанбас дауысын халық өте жоғары бағалайды.

2) Әміре сахна ортасында әуелі халыққа ізет көрсетіп, бас иді. Қолында домбыра. Ол кең залға қарады да, «Қанапия» әнін айтты. Ән аса күшті дауыспен шарықтап барып аяқталғанда, сүйсініп отырғандар қайран қалысты. Ән тым тез біткендей. Ұйып тыңдаған халық ду қол шапалақтады.

- А) екі мәтінде Әміренің әншілік өнері туралы айтылған;
- В) екі мәтінде Әміренің әке-шешесі туралы айтылған;
- С) екі мәтінде Әміренің туған жері туралы айтылған.

Мәтіндерді оқы. Салыстыр. Олардың қандай айырмашылығы бар?

1) Әміре Қашаубаев Семей жерінде дүниеге келген. Ол атақты әнші, әртіс. Әміре жастайынан әнге үйір болған. Он үш жасынан ән салып, «Әнші бала» атанып кетеді. 1925 жылы Париждегі көрмеде ән шырқайды. Әміренің керемет қайталанбас дауысын халық өте жоғары бағалады.


2) Әміре сахна ортасында әуелі халыққа ізет көрсетіп, бас иді. Қолында домбыра. Ол кең залға қарады да, «Қанапия» әнін айтты. Ән аса күшті дауыспен шарықтап барып аяқталғанда, сүйсініп отырғандар қайран қалысты. Ән тым тез біткендей. Ұйып тыңдаған халық ду қол шапалақтады.

А) 1-мәтін Әміренің отбасы туралы, 2-мәтін Әміренің өмірбаяны туралы;

В) 1-мәтін Әміренің туған жері туралы, 2-мәтін Әміренің достары туралы;

С) 1-мәтін Әміренің өмірбаяны, 2-мәтін «Қанапия» әнін қалай шырқағаны туралы.

Суреттерге назар аудар. Мәтіннің тақырыбы не болуы мүмкін? Болжам жаса.



А) Ас атасы - нан

В) Қыс түсті

С) Құстарға қамқорлық

Берілген тірек сөздерге сүйеніп, мәтіннің мазмұнына болжам жаса.

Бұта түбі, Мұқан, балапанды көру, тоңған, дір-дір, үйге әкелу, күтіп-бағу, терезені ашу, ұшып кету.

А) Мәтін Мұқанның тоңған балапанға қамқорлық жасауы туралы болуы мүмкін.

В) Мәтін Мұқанның тоңған балапанды байқап қалуы туралы болуы мүмкін.

С) Мәтін балапанның жаңбыр астында қалуы туралы болуы мүмкін.

Суреттерге назар аудар. Мәтіннің тақырыбы не болуы мүмкін? Болжам жаса.




А) Тентек қарға

В) Жалқау қарға


С) Еңбекқор қарға

Диаграммаға назар аудар. Мәтін не туралы болуы мүмкін? Болжам жаса.



- A) Беріктің достарымен ойнайтын уақыты туралы
- B) Беріктің үйірмелерге қатысуы туралы
- C) Беріктің достары туралы.

Диаграммаға назар аудар. Мәтін не туралы болуы мүмкін? Болжам жаса.



- A) сурет салуға қажетті бояулар туралы
- B) құрақ көрпені құрауға қажетті заттар туралы
- C) көйлек тігуге қажетті заттар туралы.

Суретке мұқият қара. Бұл оқиға қай жерде болды?



- A) кітапханада;
- B) мұражайда;
- C) дүкенде.

Олар не туралы сөйлесуі мүмкін?

- A) кітапханадан кітап алып оқу туралы;
- B) мұражайдағы жануарлар әлемімен;
- C) жаңа үлгідегі ойыншық түрлерімен.

Суретке мұқият қара. «Кітапханада» тақырыбында кітапханашы мен оқырмандар арасындағы диалогты жалғастыр.


- Сәлеметсіз бе, Гүлжан апай!
- Амансындар ма, балалар! Қандай кітап іздеп келдіңіздер?
- Бізге өлкемізде тіршілік ететін жануарлар туралы мәлімет керек еді.
- А) Іздеген кітаптарыңызды картотекадан қарауға болады.
- В) Тапқан кітаптарыңызды үйге алып кетуге болмайды.
- С) Тыныштық пен тәртіп сақтау керек.

Мәтінді оқы. Мәтінге қай жоспар сәйкес келеді?

Қайшыауыз – қыстап қалатын орман құстарының бірі. Оның тұмсығы қайшы тәрізді айқасып тұрады.

Қайшыауыз жұмыртқасын қыста салып, балапан шығарады. Қатты аяз кезінде кіп-кішкентай балапандары ұяда жатады.

Бұл құстың қорегі – шырша бүрлері. Ал шыршаның жаңғағы қыста піседі. Сондықтан оларға қыс қорқынышты емес.



А) Жоспар

1. Қайшыауыз – орман құсы
2. Оның балапандары
3. Қайшыауыздың қорегі

В) Жоспар

1. Орманға саяхат
2. Қайшыауызды байқау
3. Оның ұясы

С) Жоспар

1. Қысқы орман
2. Қайшыауыздың балапандары
3. Оның қорегі

Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұнына сәйкес келетін тірек сөздерді тап.

Бір күні Дәулет атасымен шөп шабуға барды. Қалың жантақты тікеннің арасынан екі ақ көжекті тауып алды. Сол екі көжек енді бірнеше қоян болып өсті. Дәулет қоянның көбейгеніне қуанып жүр.

Торда жатқан бірнеше қоян мен көжектерін досы Әмірге көрсетті. Осы күннен бастап, екеуі қояндарды бірлесіп күтуді қолға алды. Оларға сәбіз, шөп, су берді.

Екі дос қолдары босай қалса, үй қояндарын өсіру туралы Интернеттен мәліметтер оқиды.

А) орман іші, көжектерді көру, қуану, бағып-күту, досына беру, қамқорлық жасау.

В) атасымен, қояндар көру, үйге әкелу, бағып-күту, қамқорлық жасау.

С) атасымен, екі көжек, тауып алу, бірнеше қоян, қуану, досына көрсету, бағып-күту, мәліметтер оқу

Мәтін бойынша сұраққа жауап бер. Мәтін не туралы?

А) екі баланың қояндарды бағып-күтуі;

В) екі баланың көжектерді тауып алуы;

С) екі баланың жануарлар туралы ақпарат жинауы.

Мәтін бойынша сұраққа жауап бер. Дәулеттің қуануына не себеп болды?

А) атасымен шөп шабуға баруы;

- В) екі көжекті тауып алуы;
- С) қоян санының көбеюі.

Мәтін бойынша жалған пікірлерді тап.

- А) Малға шөп шапты.
- В) Екі көжекті өзен жағасынан тапты.
- С) Көжектер торда жатыр.
- Д) Қояндарға алма, орамжапырақ берді.
- Е) Қояндарды күту туралы Интернеттен мәлімет іздеді.

Мәтін кейіпкерлері Дәулет пен Әмір қандай балалар?

- А) өнерлі балалар;
- В) қамқоршы балалар;
- С) ұқыпты балалар.

Балалар Интернеттен үй қояндарын өсіру туралы қандай мәлімет оқыды деп ойлайсың?

- А) Жабайы аңдар немен қоректенеді?
- В) Үй қояндары етінің пайдасы қандай?
- С) Үй қояндарына қандай күтім қажет?

Билеттің екі жағына назар аудар. Бұл билетпен қайда баруға болады?



Хайуанаттар бағында тыйым салынады:

- 1) жануарларды тамақтандыруға;
- 2) айқайлауға, жүгіріп ойнауға;
- 3) жануар тұрған торға жақындауға;
- 4) жануарларды үркітуге, мазақ етуге;

- А) жануарлардың өнерін көру;
- В) жануарлар әлемінің түрін көру;
- С) жабайы жануарларды көру.

Билет мәтіні бойынша жалған пікірді тап.

- А) Хайуанаттар бағына 7 мен 11 жас аралығындағы балалар тегін кіре алады.
- В) Хайуанаттар бағында ойнауға, айқайлауға болмайды.
- С) Хайуанаттар бағы Алматы қаласында орналасқан.

Неліктен жануарларды тамақтандыруға тыйым салынады?

- A) жемейтін қорегі болуы мүмкін
- B) жануарлар таласып қалуы мүмкін
- C) ауырып қалуы мүмкін




Хайуанаттар бағында неге тыйым салынбайды деп ойлайсың?

- A) Бақ ішінде айқайлауға;
- B) Жануарларды қоректендіруге;
- C) Сөмке ұстап кіруге;
- D) Суретке түсуге;
- E) Жануарларды үркітуге.

Хайуанаттар бағына қатысты емес сөйлемді тап.




- A) Хайуанаттар бағынан «Қызыл кітапқа» енген жануарларды көруге болады.
- B) Хайуанаттар бағынан «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктерді көруге болады.
- C) Әсемге ірі денелі қоңыр аю мен ұзын мойынды керік ұнады.
- D) Хайуанаттар бағына келушілер жануарларды қызықтап жүр.

Сынып	2			
Пән	Әдебиеттік оқу			
Бөлімі	Оқылым			
Бөлімше	2.6 Кейіпкерлердің іс – әрекетін бағалау.			
Тақырыбы	Даңғой (Мысал) Е. Ерботин			
Оқу мақсаты:	2.2.1.2. мәтінді іштей түсініп оқу және қажетті ақпаратты тауып, таныса оқу 2.2.6.1 кейіпкерің сыртқы бейнесін сипаттау, мінез – құлқы мен іс –әрекетін бағалау			
Сабақ мақсаты: /бағалау критерийі/	Мәтінді іштей түсініп оқиды Қажетті ақпаратты табады Кейіпкердің мінез - құлқын сипаттайды, бағалайды			
Ойлау деңгейлері	Талдау, Жинақтау, Бағалау			
Сабақтың барысы	Мұғалімнің іс әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Психологиялық ахуал Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжуді білмейміз.</p> <p>Топқа бөлу « Өз орныңды тап» Берілген сурет бойынша өз тобыңызға жайғасыңыз.</p> <p>1 топ. Қияр 2 топ. Қауын 3 топ. Қарбыз «Болжау» әдісі арқылы интерактивті тақтадан</p>	<p>Білім алушылар суретті таңдау арқылы «Қияр» «Қауын» «Қарбыз» топтарына бөлінеді.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p>		<p>Суреттер, топ атаулары</p> <p>Интербелсенді тақта</p>

<p>5 мин</p>	<p>берілген суреттерден өз ойларын айтады. Қандай оқиға болды деп ойлайсындар?</p> 															
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>5мин</p> <p>10 мин</p> <p>10 мин</p>	<p>Проблемалық сұрақ Даңғой сөзін қалай түсінесің?</p> <p>1 тапсырма (Ұ.Ж) Аудиотыңдалым «Сұрақтар тасқыны» әдісі - Шығарманың негізгі ойы қандай? - Шығармада адам бойындағы қандай қасиеттер айтылады? - Мақтаншақ қияр қандай күйге ұшырады? - Мысалдан қандай түйін шығаруға болады?</p> <p>Ф.С Қиярдың бойындағы қасиеттерді адам бойындағы қасиеттермен салыстырады. Жаман қасиеттен жиреніп, жақсы қасиеттерді үйренеді. ЕБҚЕО: Аудиотыңдалымды тыңдайды. 2 тапсырма (Ж.Ж) Мысалды рөлге бөліп оқы: «Түсіндірме күнделігі» әдісі</p> <table border="1" data-bbox="357 1659 703 2065"> <thead> <tr> <th>Берілген сөз</th> <th>Мағынасы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Даңғой</td> <td>Мақтаншақ</td> </tr> <tr> <td>Даңғой ланды</td> <td>Мақтанды</td> </tr> <tr> <td>Алып болам, нән болам</td> <td>Үлкен</td> </tr> <tr> <td>Қалтарыста</td> <td>Таса жерде</td> </tr> <tr> <td>Кәдеге, керекке</td> <td>Пайдаға жарау</td> </tr> </tbody> </table>	Берілген сөз	Мағынасы	Даңғой	Мақтаншақ	Даңғой ланды	Мақтанды	Алып болам, нән болам	Үлкен	Қалтарыста	Таса жерде	Кәдеге, керекке	Пайдаға жарау	<p>Білім алушылар өз пікірлерін айтады</p> <p>Аудиотыңдалым тыңдайды</p> <p>Білім алушылар кестені толтырады</p> <p>Топта берілген тапсырмаларды орындайды.</p>	<p>Қ.Б «Жетекші сұрақтар» әдісі Дескриптор :</p> <ul style="list-style-type: none"> -Қажетті ақпаратты табады -Сұрақтарға жауап береді. <p>Қ.Б «Анықта» әдісі Дескриптор :</p> <ul style="list-style-type: none"> -Мәтінді рөлге бөліп оқиды -Кесте бойынша мағынасына қарай анықтайды <p>Қ.Б «Дәлелде» Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кейіпкерлерді сипаттайды 	
Берілген сөз	Мағынасы															
Даңғой	Мақтаншақ															
Даңғой ланды	Мақтанды															
Алып болам, нән болам	Үлкен															
Қалтарыста	Таса жерде															
Кәдеге, керекке	Пайдаға жарау															

7 мин	<p>ЕБҚЕО: Ермексаздан мысалдағы қияр бейнесін жасау</p> <p>3 тапсырма. (Т.Ж) «Үштік модель» әдісі 1 топ. Мысал мазмұнына сәйкес кейіпкерлерді сипатта 2 топ. Мысал мазмұнына сәйкес мақал – мәтел жазу 3 топ. Мысалды сахналау</p> <p>ФС. Білім алушылар кейіпкерлердің іс-әрекеттерін салыстыра отырып асыл қасиеттерді өз бойларына сіңіреді. ЕБҚЕО: Мысалда берілген кейіпкерлердің салынған суреттерін бояйды</p>		-мақал – мәтел жазады -мысалды сахналайды										
Сабақтың соңы 3мин	<p>ББҮ кестесімен жұмыс жасайды</p> <table border="1" data-bbox="355 1093 683 1440"> <thead> <tr> <th data-bbox="355 1093 448 1198">Біле мін</th> <th data-bbox="448 1093 568 1198">Білгім келеді</th> <th data-bbox="568 1093 683 1198">Үйрен дім</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="355 1198 448 1303"></td> <td data-bbox="448 1198 568 1303" style="text-align: center;">○</td> <td data-bbox="568 1198 683 1303" style="text-align: center;">○</td> </tr> <tr> <td data-bbox="355 1303 448 1440"></td> <td data-bbox="448 1303 568 1440"></td> <td data-bbox="568 1303 683 1440"></td> </tr> </tbody> </table>	Біле мін	Білгім келеді	Үйрен дім		○	○				Білім алушылар білемін кестесіне қияр туралы білгендерін жазады. Білгім келеді кестесіне тағы не білгісі келетіндерін жазады. Үйрендім кестесіне бүгінгі үйренгендерін жазады.		Үлестірмелі кесте ББҮ кестесімен жұмыс жасайды
Біле мін	Білгім келеді	Үйрен дім											
	○	○											

Мектеп	
Пән	2
Сынып	Қазақ тілі
Бөлімше	4.2. Грамматикалық нормаларды сақтау
Тақырыбы	Жалпы есім мен жалқы есім
Оқу мақсаты:	2.4.2.4.Зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау.
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін анықтайды. Орфоэпиялық нормаларға сәйкес жалқы есімнің емлесін сақтап жазады.
Алдыңғы білім	Зат есім

Ойлау деңгейлері	Білу , түсіну, қолдану.			
Сабақтың барысы	Мұғалімнің іс әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Психологиялық ахуал</p> <p>-Көңіл күйлеріңіз қалай? - Керемет! (қолдарын көтереді) -Сабаққа дайындықтың қалай? -Тамаша! (алақандарын шапалақтайды) -Ынталарыңыз қалай? -Ғажап!(қолдарын көтереді) «Бэкроним әдісі» (ҰЖ)</p> <p>Берілген әріптерден басталатын зат есімдер табу.</p>	<p>Қимылмен қайталап көрсетеді.</p> <p>Берілген әріптерден басталатын зат есімдер айтады.</p>		<p>С</p> <p>А Б М</p> <p>Т Б Ж</p> <p>Ы</p> <p>О</p> <p>Интербелсенді тақта</p> 
5 мин	<p>«Мюнстерберг» әдісі. (ҰЖ)</p> <p>Аасашпгоппартаиритерезеимкарт арармрсабақмпрТайбурылррмабе сіктаоаишілдеханаииирЕсіламп паҚтөберанаавр</p> <p>Берілген сөздердің ішінен қанша зат есім таптыңыз?</p> <ul style="list-style-type: none"> - Зат есімдерден қандай айырмашылық байқадыңыз? - Неге кейбір зат есімдер бас әріппен жазылған деп ойлайсыңдар? <p>ЕБҚЕО зат есімдерді үзік сызықтармен қоршау арқылы табады.</p> <p>ОМ таныстыру</p> <p>-Ендеше, балалар бүгін жалқы есім мен жалпы есім туралы білетін боламыз.</p>	<p>Сөздерді тауып қоршайды.</p> <p>Үзік сызықтарды қосып қоршайды.</p>	<p>ҚБ «Кілттік сөз» «әдісі. Дескриптор:</p> <p>-сөздерді оқиды; -зат есімдерді табады. - айырмашылықты анықтайды.</p>	
Сабақтың ортасы 5мин	<p>1- тапсырма «Бірге тыңдайық» ҰЖ.</p> <p>Бейнекөрсетілім. Зат есімнің түрлері (жалқы есім мен жалпы есім)</p> <p>«Сұрақты ұстап ал» әдісі. (ҰЖ)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жалқы есім дегеніміз не? - Жалпы есім дегеніміз? - Қандай айырмашылықтар бар? - Жалқы есімге мысал келтір. - Жалпы есімге мысал келтір. 	<p>Фасоль салынған дорбашаны ұстап алу арқылы сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>ҚБ «Жетекші сұрақтар» әдісі</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалқы есім мен жалпы есімдерді ажыратады - сұрақтарға жауап береді. 	<p>Bilimland «Зат есімнің түрлері»(жалқы есім мен жалпы есім)</p>
10 мин	<p>2- тапсырма (ЖЖ)</p> <p>«Гүл күлтешелері» әдісі.</p>	<p>Гүл күлтешелеріндегі зат есімдерді ажыратып орналастырады.</p>		

<p>10 мин</p>	<p>ЕБҚЕО моторикасын қалыптастыру мақсатында гүл күлтешелерін фетрдан жапсыру беріледі.</p> <p>3-тапсырма (ЖЖ) «Сәйкестендір» әдісі. Сөйлемдерді мағынасына қарай сәйкестендіріп көшіріп жазу.</p>	<p>Сөйлемдерді мағынасына қарай жазады, жалқы есімдерді табады.</p>	<p>ҚБ «Анықтап көр» әдісі Дескриптор:</p> <p>-сөздерді оқиды; -жалқы есімдерді анықтайды . -жалпы есімдерді анықтайды .</p>	<table border="1"> <tr> <td>Еліміздің бас қаласы</td> <td>Абай Құнанбаев</td> </tr> <tr> <td>..... кесенесі Түркістан облысында орналасқан.</td> <td>Нұрсұлтан</td> </tr> <tr> <td>Қазақтың ұлы ақыны-</td> <td>Балқаш</td> </tr> <tr> <td>Қазақстанның оңтүстік – шығысында көлі орналасқан.</td> <td>Қожа Ахмет Яссауи</td> </tr> </table>	Еліміздің бас қаласы	Абай Құнанбаев кесенесі Түркістан облысында орналасқан.	Нұрсұлтан	Қазақтың ұлы ақыны-	Балқаш	Қазақстанның оңтүстік – шығысында көлі орналасқан.	Қожа Ахмет Яссауи
Еліміздің бас қаласы	Абай Құнанбаев											
..... кесенесі Түркістан облысында орналасқан.	Нұрсұлтан											
Қазақтың ұлы ақыны-	Балқаш											
Қазақстанның оңтүстік – шығысында көлі орналасқан.	Қожа Ахмет Яссауи											
<p>7 мин</p>	<p>ЕБҚЕО(дисграфия) сөздерді бастырып жазады.</p> <p>4-тапсырма. « Таңда ,тап» әдісі. Leaderbord платформасы арқылы жалқы есім мен жалпы есімдерді анықта. ЕБҚЕО бейнесіне қарап заттарды орнына қою.</p>	<p>Жалқы есім мен жалпы есімдерді табады.</p>	<p>ҚБ «Өз нұсқамен салыстыр» Дескриптор:</p> <p>- сөйлемдерді сәйкестендіреді; - сөйлемдерді көшіріп жазады. -жалқы есімдерді бас әріппен жазады. -жалқы есімдердің астын сызады</p> <p>ҚБ «Ұстап ал» әдісі Дескриптор:</p> <p>-жалқы есімдерді табады. -жалпы есімдерді табады.</p>	<table border="1"> <tr> <td>Қазақтың ұлы ақыны-</td> <td>Балқаш</td> </tr> <tr> <td>Қазақстанның оңтүстік – шығысында көлі орналасқан.</td> <td>Қожа Ахмет Яссауи</td> </tr> </table> <p>Leaderbord платформасы</p>	Қазақтың ұлы ақыны-	Балқаш	Қазақстанның оңтүстік – шығысында көлі орналасқан.	Қожа Ахмет Яссауи				
Қазақтың ұлы ақыны-	Балқаш											
Қазақстанның оңтүстік – шығысында көлі орналасқан.	Қожа Ахмет Яссауи											

<p>Сабақтың соңы 3мин</p>	<p>Кері байланыс. «Сөйлемді аяқта»</p> <table border="1" data-bbox="357 253 775 400"> <tr> <td>Мен білдім.</td> </tr> <tr> <td>Мен үшін қызықты болды.</td> </tr> <tr> <td>Маған қиын болды.</td> </tr> </table>	Мен білдім.	Мен үшін қызықты болды.	Маған қиын болды.	<p>Сөйлемдерді толықтырып айтады.</p>	<table border="1" data-bbox="1267 188 1417 497"> <tr> <td>Мен білдім.</td> </tr> <tr> <td>Мен үшін қызықты болды.</td> </tr> <tr> <td>Маған қиын болды.</td> </tr> </table>	Мен білдім.	Мен үшін қызықты болды.	Маған қиын болды.
Мен білдім.									
Мен үшін қызықты болды.									
Маған қиын болды.									
Мен білдім.									
Мен үшін қызықты болды.									
Маған қиын болды.									

3 Коммуникативті тәсіл аясында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Бастауыш мектепте «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі» пәндерін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.

Коммуникативтік тәсіл – бірінші кезекте білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, грамматика, сөздік және айтылым сияқты көптеген салаларда ілгерілеуге мүмкіндік береді. Ол еркіндік пен дәлдікке ықпал етеді. Тапсырмаға негізделген оқыту әдісі жоғары мотивациялық оқу тәжірибесін береді.

Оқу процесін ұйымдастыру барысында жеңілден күрделіге бағытталған түрлі белсенді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

1-сынып

Жаңылтпаштар арқылы білім алушының ауызекі сөйлеу тілін дамытуға болады:


«А»

Айнала, айнала,
Айнала айналма,
Айналма, әй, бала.
Абалақ-сабалағы шыққан
Арланды абалатпасандаршы,
Абалаған арланға
Абат бақты аралатпасандаршы.
Ақылсынған ақылшы ма,
Астамсымай нақыл ұсынған
Ақсақал ақылшы ма?



«Ә»

Әбдіреде әбігер әтеш отыр.
Әбігер әтеш отырған
Әбдірені әжем ашып жатыр.
Әжемнің әжесі әжімді емес,
Әжімді әжеме әзілкеш те
Әжімдісің деп әзілдемес.



«Б»

Бұл, бұл - піл,
Бұл бір ірі піл.
Бағдамшы, мына бағана
Бағанағы бағана ма?
Бағда маған ұнамаған



Бағанағыдай бағана.
Балдыр балғын құрақтан бағалырақ па,
Балғын құрақ балдырдан бағалырақ па?
Бекіністе бес дос кездесті,
Белдігін тартып бестілерінің,
Бетегелі бөктерде белдесті.
Бұғанақты бұзаудың
Бұғанасын бұғанақтатқанда
Белгілі бұра алмассың.
Бұла бұзау
Бұлтақтап туламасын.

«В»

Виктор ағай
Диктор ағайға:
«Бұл өзі мықты ірі ағай!
Мықты ірі ағай!» - деді.



«Г»

Гүл-гүл жайнап, жер аспан.
Гүрілдейді сыйда өзен,
Гүлжазира жарасқан
Гүлдерімен – қай кезең?



«Ғ»

Ғарышкер ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкер.
Айтшы, ғарыш алыс па?
Ғылымпаз ғылымсыз жаңалық аша ала ма?
Ғылымсыз ғылымпаз даналық аша ала ма?



«Д»

Дөң жатыр,
Дөнде тон-тоң көн, жатыр
Далбағайы далба-жұлма бола тұрып,
Далаңбайлағышын қарашы,
Далаңды шола тұрып.
Дөнен мінген кісі түздеп,
Дөнбейілдің дөмпейінен
Дөнежіндерін жүр іздеп.
Дөңгелек дөңнен төмен дөңгеледі,
Дөңгелекті дөңге немен өңгереді?
Дүңгіршек пе деп жүгірсек,
Дүрбелеңдеп үлгірсек деп жүрсек,
Делбеңдеген дүзге жайған үлбіршек екен.



Доп теп, тек,
Дөптен кеп теп.

«Е»

Ескекті ескекші еседі,
Ескекші ескекті еседі.



Ерді ел елер,
Ер елге еркелер.
Екшегішпен шөп-шаламды екшеткізші,
Екшеленген шөп-шаламды өлшеткізші.
Еліктегіш те, желіктіргіш те,
Еліктей еліріп елеңдейді.
Еліктегіштің елеңдеген елібі еленбейді.

«Ж»

Жаға жай,
Жағажайда – Қамажай.
Жабағы жүні
Жабағыланған жабағыны,
Жабайландырмай-ақ
Жабуласа қайтеді?
Жағалай жағажай
Жағалауды жағалап ұшты.
Жолақ-жолақ жағал құс
Жарлауытты сағалап ұшты



Берілген жаңылтпаштар білім алушылардың тілін дамытумен қатар ж-з, ш-с дыбыстарын дұрыс айтуларына да септігін тигізеді.

2-сынып

Продуктивтік (айтылым мен жазылым) сөйлеу түрлерін дамытуға арналған ойындар «Суретті жұмбақтар»

Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.

«Сөйлем құрастыр»

Мұғалім суретті 2 карточканы ұсынады. Білім алушылар кезекпен суретке қатысты сөйлем құрастырады. Сосын басқа 2 сурет көрсетіледі. Оларға да балалар сөйлем құрастырады.

«Кемпірқосақ» ойыны

Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма беріледі. Мысалы: *қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр)*. Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады. Мақсаты; жылдам еске түсіріп айтады.

«Еске түсіру» ойыны

Қатар отырған білім алушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, киімі қандай, аяқкиімі қандай, егер қыз бала болса, белдемшесінің түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі.

Балалардың есте сақтау қабілеті, байқағыштығы жақсарады.

«Қара жәшік» ойыны.

Білім алушылар екі топқа бөлінеді. Үстел үстіне екі жәшік қойып, ішіне балық, мәшине, ат т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек.

Қарсы топ олардың жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы қажет.

«Қарама-қайшылық»

Мұғалім сурет көрсетеді. Балалар суреттегі бейнеленген затқа қарама-қарсы мағынада сөз айту керек. Мысалы: «алма» суретіне балалар «тұз» дейді. (алма-тәтті, тұз-ащы), т.с.с.

Әр бала өзінің жауабын айтады, міндетті түрде неге ол жауапты таңдағанын түсіндіру керек. Бұл ойын баламен жеке жұмыс жасауға да тиімді.

«Көпір»

Мұғалім заттар бейнеленген суретті карточкаларды кезекпен көрсетеді. Балалар екі суреттен байланыстыратын бір сөз ойлау керек. Ол сөз «көпір». Мысалы: «қасық» және «ағаш», «көпір»-сөз: «әдемі» (ағаш қасық әдемі). «жасады» (қасықты ағаштан жасады). «бояды» (ағаш қасықты бояды), т.б. Бұл ойынды баламен жеке жұмыс жасауға да қолдануға болады.

«Әңгіме ойлаймыз»

Балалар сөйлемнің арасына керекті сөздерді қойып отырады. Ол сөздер зат есім, етістік, сын, сан есімдер болады) (Не?) босағада отырып мияулайды. Мысық алдында тұрған тәрелкедегі сүтті (не істеді?). Бақта жүрген мысық . . . (нені?) ұстап алды. Мысықтың жүні . . . (қандай?), тырнағы . . . (Қандай?). Мысық марғауларымен . . . (Қайда?) жатты. Марғаулар допты . . . (қалай?) ойнады.

«Мен дүкенде болдым...»

Ойын үшін әріпті карточкалар керек болады. Бастаушы карточканы алып, «Мен дүкенде болдым, ол жерден алдым». Ол карточкадағы әріптен

басталатын затты атауы керек. Атайтын сөз заттың атын білдіруі керек. Мысалы, «Б» әрпіне балмұздақты, бәлішті.

«Кім қай әріппен дос»

Бұл ойын баланың тілін ғана дамытпай, оның есте сақтауын, танымдылығын дамытады. Әр балаға жануардың суреттері таратылады. Бірінші бала айтады: «Менің пілім «Т» әрпімен дос, өйткені оның тұмсығы ұзын». Екінші бала: «Ал менің қолтырауыным «Ө» әрпімен дос, өйткені ол өзенді мекендейді». Келесі бала: «Менің кірпім «И» әрпімен жолдас өйткені, оның инелері бар», т.с.с.

«Үш әліпбимен ойнау»

Үстел үстіне үш түрлі әліпби жазылған үлестірмелі карточкалар тастап, балаларға сөздер құруды тапсырасыз. Сөз құрау барысында шапшаңдық пен қызығушылық туғызу керек. Бұл жаттығу позитивті ойнау арқасында тез арада оқу жылдамдығын арттыруға көмектеседі.

3-4-сыныптар

«Жаңа сөздердің мағынасын ашу»

Ағаш емес, біліндер,
Асыл ана бұл тұрған.
Толған сайын түйіндер
Алма ағашы құлпырған
(Түйін, асыл ана сөздерінің мағынасын ашу).



Бұл жаттығуды түрлендіре отырып, балалардың сөздік қорын молайтамыз

Зейін— адамның психикалық әрекетінің белгілі бір нәрсеге бағытталуы.

Экипаж - қозғалатын құралда бірігіп жұмыс істеу немесе тапсырманы бірге орындау үшін біріккен адамдар.

«Спираль мәтіндер»

Мақсаты: Әр топқа шиыршық тапсырмалар беріледі.

- А) мәтінді оқиды;
- Ә) мәтінге тақырып қояды;
- Б) мәтіннің түрін айтады
- В) өз жауаптарын дәлелдейді.

«Дос сағат»

Шарты: білім алушылар 12, 15, 18, 21 деген сағат кездеріне өздерімен жұмыс жасайтын жұптарды таңдайды. Тапсырманы орындауға барлық білім алушы қатысу үшін олар қайталанбауы жақсы. Тапсырма мен уақыт өлшемі өтіп жатқан тақырыпқа сай түрлендіріліп алынады. Мысалы мәтін тақырыбы бойынша:

Сағат 12-де таңдаған білім алушылармен жұптасады.

Тапсырма: Мәтінді оқы, тақырыбын анықта, мәтіннің негізгі ойын айт.

Сағат 15,00 уақытында таңдаған білім алушылармен жұптасады.

Тапсырма: мәтіннің құрылымдық бөліктерін орнына келтір.

Сағат 18.00 уақытындағы жұптарымен жұптасады.

Тапсырма: Адамның сөйлемдер. Орны ауысқан сөйлемдерді өз орнына қойып мәтінді құрастыр.

«Дауыстап ойлау» әдісі

1.Өлең не туралы?

2.Ақын кейіпкерді қалай сипаттаған?

«Досыңа хабарлас»

Мақсаты: бұл әдіс арқылы жаңа дыбысты өткенде білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға болады

Ұялы телефон арқылы сөздерді буынға бөледі

Ән, әнші, әлем, әсем, дәмді, сәнді, тәулік, жәшік.

«Автордың орындығы»

Білім алушылар өздерінің шығарған өлеңдерін, жазған эсселерін автордың орындығында отырып айтып береді.

Мақсаты :продуктивтік сөйлеу дағдыларын қалыптастырады

«Кір жайғыш жіп» әдісі

Мақсаты: өткен сабақ пен жаңа сабақты ұштастыру, сұрақ- жауап арқылы үй тапсырмасын тексеру

1. «Ж» қандай дыбыс?

2. «Ж» дыбысы бар сөздерді ата?

3. «Ж» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?

5. «Ж» дыбысы сөздің қай бөлігінде тұрады?

6. «Жайлау» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

«Суретті әңгімеле» әдісі

Білім алушылар сюжетті суреттердің көмегімен мәтін құрастырып, жазуда оқулықта берілген тірек сөздерді орында, түсініп қолдануына басшылық жасалады.

«Бірге ойлаймыз» әдісі

Мәтінді мәнерлеп оқиды. Оқығандарының мәтін екендігін дәлелдейді. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, ат қояды.

Оқулықта берілген жаңа ақпаратты оқытып, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі

ЖАЗЫЛЫМ

Әліппені оқыту бағдарламасы бойынша оқу мақсатына сәйкес тақырыпқа сай құрастырылған әдіс жүйелі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мысалы, біріншіден, «Аа» дыбысы мен әрпін өткен кезде дыбысталуымен қатар жазылуының да дұрыстығын қадағалап «а-на , а-та, а-па, а-ға, а-уа»

сөздерін буындап оқытуды көздедім. Екіншіден, осы сөздерді көптік жалғауларымен қосып оқуын қадағалауға мүмкіндік болды. Мысалы, «а-на-лар, а-па-лар, а-ға-лар». Үшіншіден, сөзді тілдік нормаға сай айтып дағдылану үшін қосымшалар қолданып, сөйлемдерге толықтыру көзделді. Мысалы, «а-уа-ны ,а-на-ға,а-ла-сы , а-ға-ға».

«Оо» дыбысы мен әрпін тану кезінде «о-ра-мал, о-зық, О-та-н, о-қу-шы, о-лар, о-шақ» сөздерімен бірнеше жаттығулар орындап болғаннан кейін, ауызша сөйлемдер құрастырамыз. Мысалы: Ауаны ластамауымыз керек. Сабақты жақсы оқысақ, озық атанамыз. Ошақтың астына от жақтым.

Сөз схемасы: Ереже. Сөз дыбыстардан тұрады. Оны сызбамен былай белгілеуге болады.



1) Отан. Ана. Бала. Сөздердің тақтаға жазып, оның схемасын сыздыру.

2) Кесе. Айна. Тарақ. Піл.



Графикалық диктант

Сөйлем схемасы: Анам тамақ пісірді.



Буын схемасы Ереже. Сөздер буынға бөлінеді. Оны сызбаның көмегімен былай белгілеуге болады:


№11-14 сабақтарда 14-17 беттері бойынша

1) Мара, алма, ору, шу. Берілген схема бойынша сөздерді буынға бөліп, көшіріп жазыңдар

2) Төлдерді ата, буынға бөл. Құлын




Ботақан




№ 15-22 сабақтар 18-25 беттер бойынша


Шана



ара



таға



1-сыныптар үшін жазба жұмыстарының нормасы бойынша бірінші жартыжылдықтың соңында: айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді (3-5 сөз), сөйлемдерді (2-3 сөзден тұратын) жазу; баспа әріптермен берілген мәтінді (10-15 сөзден артық емес) көшіру жұмыстарын орындай алуы тиіс;

Білім алушылардың көру, есте сақтау, зат тану қабілеттерін танытуға арналған тапсырма.

№1. Қуат, ат суар. Марат нан ал.

№2. Анау- мал қора. Ол- ат. Атам -малшы.

№3. Сөздерді буынға бөліп жаздыру.

Қасық, орындық, мысық, отын, қамыс, ыдыс

Естілуі бойынша жатқа жаздыру жаттығуы:

Сара, алма ал. Аға, ау сал. Ата, нан тура.

Сөйлемдерді тақтаға жазу. Әр сөйлемдегі сөздер санын байқау. Сөйлемдегі сөздердің бір-бірінен бөлек жазылатынын, сөйлем соңынан нүкте (.) қойылатынын сұрақ-жауап әдісі бойынша пысықтау.

«Бинокль» әдісі

1. Құрамында Ұ әрпіне басталатын сөздерді айт және көркем жаз.
2. Сөйлемдердің тиісті тыныс белгілерін қойып жаз.

«Біреуге арттырып сөйлемдер құра»

Әр сөйлемде бір әріптен артып отыратын 6 сөйлемнен тұратын үлестірме қағаздар таратылады (*білім алушылар сөйлемдерді талдап, ұқсастығы мен айырмашылығын табады. Дыбыстық-әріптік талдау жасайды. Сөйлем мүшелерін анықтайды, т.б. Тапсырмалар мен сөйлемдер әр түрлі болуы мүмкін*).

№ 1.

1. Күн ашық.
2. Қар ереді.
3. Су жиналды.
4. Дала тамаша.
5. Жаңбыр жауды.
6. Құсым сайрады

№ 2.

1. Күн суық.
2. Аяз соқты.
3. Бала тоңды.
4. Жылы киінді.
5. Достар келді.
6. Ойнауға шықты.

Бұл жаттығуды әріп санының орнынан сөз санын арттырып, сөйлемдер құрастырумен де алмастыруға болады:

<p>Күн. Күн ашық. Бүгін күн ашық. Бүгін күн ашық болады. Бүгін күн ашық болған еді. Бүгін күн ашық болып, біз ойнадық. Бүгін күн ашық болғандықтан біз далада ойнадық. Бүгін күн ашық болғандықтан біз бәріміз далада ойнадық. Бүгін күн ашық болғандықтан біз маз болып далада ойнадық. Бүгін күн ашық болғандықтан біз бәріміз маз болып далада ойнадық. т.с.с.</p>

«Деформацияланған сөйлемдерді түзету» жаттығуы

Мақсаты: орны ауысқан сөздерді орындарына қойып, жазу барысында сөйлемнің дұрыс құрылуына мән беру және грамматикалық нормаларды сақтауды қалыптастыру.

Алақай, басталды, ойыны, футбол. Суық, құстар, түскенде, немен, екен, қоректенеді. Көкшетаудың, тамаша, табиғаты. Қандай, жерімізде, қазба, байлықтары, бар. Сабағын, Кәмила, болды, орындап. Қалада, сирек, сауысқан, кездеседі. Музейге, бүгін, балалар, барады. Жылы, құстар, жаққа, ұшып кетті. Шығарды, қиын, есепті, Болат. Жинады, бөлмені, апам. Науқас, адамдарды, емдейді, дәрігер. Аю, қамданды, ұйқыға, қысқы. Қырғауыл, өзгертеді, мекенін, күзде. Қаздарды, әжей, шақырды, жемге. Шоқып жүр, торғайлар, дәнді, шашылған. Сыныпта, балалар, өсіреді, гүлді. Ауасын, гүлдер, сыныпта, тазартады. Аквариумда, жүзіп жүр, балықтар. Қағаздан, батпырауық, жасады, балалар.

«Мағыналы сөздерді мағынасыз сөздерден ажырату»

Білім, бұл, оқу, анау, кітап, кәне, дәптер, де, қалам, қалай, бояу, бала, т.б.
 «Үлгідегі сөзге сәйкес келетін сөздері бар қима қағаздарды іріктеу».

Бұл жаттығуды түрлендіріп отыру арқылы, білім алушыларды болашақта сөз таптарын тез табуға дағдыландыруға болады.

